

Билік диалог алаңында
2-бет



Алтын Орда
6-бет



«Көкшоқай» аламанға жолдама алды
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 27 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №83 (23 405)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Олимпиада алауы жағылды



Кеше Франция астанасы – Парижде XXXIII Олимпиада ойындары басталды. Париж Олимпиадасының ашылу салтанатында Сена өзенінде спортшылар шеруі өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанның Туын боксшы Асланбек Шымбергенов пен жеңіл атлет Ольга Сафронова алып шықты. Спортшылар шеруінің ұзақтығы алты шақырымды құрады.

Халықаралық Олимпиада комитеті Париж Олимпиадасына сатылған билет саны рекордтық көрсеткішке жеткенін хабарлады. Алдын ала берілген деректерге сүйенсек, осы уақытқа дейін 8,8 миллион билет сатылып кеткен. Бұған дейінгі рекорд Атланта Олимпиадасында тіркелген. Ол кезде 8,3 млн билет сатылған.

Бүгінде қазақстандық спортшылардың барлығы Парижде барып, орналасты. Олар үшін арнайы олимпиадалық ауыл салынды. Ұлттық Олимпиада комитеті спорт департаментінің басшысы Бектұр Қиятбайдың айтуынша, олимпиадалық ауылда үлкен асханадан бастап, сәулелік салонна дейін қажетті жағдайдың барлығы бар.

–Токио Олимпиадасымен салыстырғанда, Париждегі олимпиадалық ауыл ашық, қозғалысқа шектеу жоқ. Спортшылар үшін үлкен асхана, жаттығу залдары, фитнес-орталықтар,

күлшылық жасайтын орындар, сондай-ақ, атлеттердің бір-бірімен кездесіп, бос уақыт өткізіп, жарыс көретін аймағы да бар. Оларға арнап, түрлі байқаулар ұйымдастырылады, – дейді Бектұр Қиятбай.

Олимпиадалық ауылда жалпы 14,5 мың адам тұрды. Соның ішінде, тоғыз мың спортшы бар. Олимпиадалық ауылға орналасқан спортшыларға арнайы сыйлықтар да дайындалған. Семсерлесуші Ерлік Сертайдың айтуынша, суға арналған шиша, термос, жеіде мен гигиеналық заттар салынған сөмкеден бөлек ұялы телефон да бар. Оны арнайы Париж Олимпиадасы үшін шығарған.

Парижде Олимпиада ашымай жатып, іріктеу сайыстары басталған-тың. Оған қазақстандық садақшылар да қатысты.

Сарапшылардың айтуынша, Париж Олимпиадасында Қазақстан құрамасы бокс, дзюдо, күрес, гимнастика, стендік ату, теннис және тағы бірқатар спорт түрлерінен медаль алуы мүмкін.

Қазақстан құрамасында ең жас спортшы жақында ғана 18-ге толды. Батырхан Төлеуғали тхэквандодан ел намысын қорғайды.

Кері тартқан көлеңкелі экономика

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен Қаржылық мониторинг агенттігінің алдына 2025 жылға қарай көлеңкелі экономиканы 15%-ға дейін төмендету туралы стратегиялық міндет қойған болатын. Осы мақсатта агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірледі. Нәтижесінде, саудадағы көлеңкелі айналым 5%-ға қысқармақ. Бұл, әсіресе, халық денсаулығына үлкен қауіп төндіретін және мүдделі тараптардың келісілген күш-жігерін қажет ететін суррогат алкоголь өнімдері мен заңсыз темекі өнімдеріне де қатысты. Мәселен, биылдың өзінде ғана заңсыз айналымнан 1,5 миллион қорап темекі және 400-ден астам электронды вейп тәркіленген.



Көлеңкелі айналым Ш. Адамбеков

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапасыз өнім сарсаңға салады

Соңғы жылдары елімізде суррогат алкоголь мен заңсыз те-

мекі өнімдерін өндіру мен тарату жиілеп кеткенін айтады Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу-тексеру департаментінің тергеу басқармасының басшысы Жандар Ибрагимов. Айтуынша, бұған түрлі факторлар

әсер етуде. Әсіресе, экономикалық қиындықтар мен халықтың контрабандалық жолмен әкелінген өнімдердің зияны туралы білмеуі жағдайды одан сайын күрделендіреді. Жандар Ибрагимұлы сондай-ақ, елімізге, әсіресе облыс



Президент тапсырмасын орындай отырып...

аумағына заңсыз өнімдердің жеткізілуіне мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың болмауы да кедергі дейді.

Бір қуантарлығы – соңғы үш-төрт жылда Қарағанды облысының аумағында алкоголь және темекі өнімдерін заңсыз өндіретін цехтар анықталмаған. Олар контрабандалық жолмен оңтүстік аумақтар арқылы көршілес елдерден жеткізіледі екен. Мәселен, заңсыз жолмен өндірілген темекі өнімдері негізінен Жамбыл облысы арқылы Қырғызстан Республикасынан келеді.

– Суррогат алкоголь мен контрабандалық темекі өнімдерін тұтыну денсаулыққа зиян екенін білуіміз керек. Бұл жерде улану, созылмалы ауруларды айтпағанда, соны қайғылы жағдайларға да әкеліп жатады. Мәселен, суррогат алкогольдің құрамында метанол сияқты улы зат бар. Онымен уланған адам 2-3 сағаттың ішінде өліп кетуі мүмкін. Ал, сапасыз темекі өнімдерінде зиянды заттардың мөлшері шектен тыс артық. Бұл қатерлі ісік, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу органдарының ауруларына әкеледі, – дейді Жандар Ибрагимұлы.

Контрабанда кәсіпкердің қолын байлайды

Құзырлы орган өкілі заңсыз сауданың экономикаға да айтарлықтай кері әсері тиетінін атады. Алкоголь мен темекінің заңсыз саудасы еліміздегі дәл осы саланың құлдырап, жұмыс орындарының азаюына әкеледі.

– Алкоголь мен темекінің заңсыз саудасы экономикалық шығындарға әкеледі. Кәсіпкерлік ортаға сокқы, – дейді Жандар Ибрагимов.

► 3-бет

«Лашық қалашық» атанбаймыз ба?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту кергін айтты. Ал, облыс орталығындағы қарқынды құрылыс кейінгі жылдардағы ең көп талқыланатын тақырыптардың біріне айналған. Қазақстанның ірі индустриялық орталығы болып саналатын қала сәулеті әредік елеулі түйткілдер қатарына тап болып жататындығын жасыра алмаймыз. Тұрғын үй және сауықтық инфрақұрылымының ретсіз даму барысы, түптеп келгенде экологиялық нормалардың бұзылуы, тұрғындардың өмір сүру сапасының нашарлауына әкеп соқтырады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда, мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Рас сөз. 1930 жылдары көмір өнеркәсібінің қайнары ретінде құрылған Қарағанды ондаған жылдар бойы кеңес дәуірінің жоталы жоспарларына сәйкес дамып келді. Кейіннен КСРО ыдырап, республика нарықтық экономикаға көшкен соң құрылысты бақылау әлсіреді, бұл қаланың стихиялық және ретсіз өсуіне әкелді. Көбінесе жаңа ғимараттар қолданыстағы шаһар құрылысы жоспарлары мен

аудандастыруды есепке алмай салынады. Әрі құрылыс жергілікті билік пен жұртшылықтың тиісті келісімінсіз жүргізіліп жатады. Соңында бір-біріне иін тірескен лашық қалашық кейіп шығады. Ал, бұл – өз кезегінде манайдағы жасыл аумақ желекті саябақтың шекарасының қысқаруына, заманауи тазарту жүйелерінің кемуіне байланысты ауа мен су нысандарының ластануына жол. Жаңа нысандардың дұрыс орналаспауына байланысты қозғалыстың қиындауы, жеткілікті автотұрақ орындарының кемшіндігі қылаңғытады. Әлеуметтік жағына зер салған болсақ, жаңа аудандарда мектеп, балабақша, емхана сынды нысандардың жетіспеушілігі осыдан келіп шығатын болса керек. Жекелеген аудандарда халық тығыздығының артуы, шығарланы мол шиеленістің күрт өсуіне әкеледі.

Енді дәйекке жүгінелік. Соңғы 10 жылда Қарағанды халқы шамамен 12%-ға өсті, бұл тұрғын үй қоры мен инфрақұрылымның едәуір ұлғаюын талап етеді. Әрі

келер жылдары Қарағанды мегаполис мәртебесін иеленіп қалатыны да кәдік. Демек, құрылыс бағыты сауатты көзқарасты талап ететіндей. «Мұндай мәселе әр өңірде бар, оған таң қалатын түк те жоқ» десек, қателесеміз. Былтыр осындай бейқамдық салдары 10 бірдей мердігер компанияның ретсіз салған тұрғын үй кешеніне тоқтам салды құзыретті мекемелер. Үйдегі көңіл күйді тыстағы нарық бұзады. Бүгіндегі тұрғын үйге деген жоғары сұраныс құрылыс салушы компания атаулысын жаңа нысандарды неғұрлым тез салуға ұмтылдырады. Салдарынан сапа құлдырайды.


– Біздің көптептері үй 1937 жылы салынған. Сіз түсінесіз бе?! Ал, осы маңнан тағы бір зәулім үймерет салмақшы. Жер қазады. Котлаван жасайды. Коммуникациялық желінің тозығы жеткен. Су қысымы да көңіл көншітпейді. Бұған әлгі көршілес үйді қосайық. Қыста жылуудан, жазда судан таршылық көреміз деген сөз емес пе бұл?! – дейді наразылығын



Сурет ашық жердегі

жасырмай Абай көшесі 3 үйдің тұрғындары Витали Мкртчян мен Ольга Поднебесная.

Иә, мұндай ұқсас мысалдар әбден жеткілікті. «Енді оның шешімі қандай?» деген заңды сауал туын-



Реформа – өміршең өзгерістер

дайтыны анық. Жауабын Президент берді.

– Қазір құрылыс саласында бірнеше ақпараттық жүйе бар. Осындай тәсілдер арқылы бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалып қамтамасыз ету қажет, яғни, барынша ашық және қатаң бақылау болуға тиіс. Бұл – өте маңызды мәселе. Себебі, қаржының ұрлануы, ең алдымен, құрылыстың сапасына әсер етеді және бюджетке қосымша салмақ салады. Ақшаға цифрлық теңге арқылы ең салу және оны қадағалау, басқаша айтқанда, «ақшаны бояу» бюджет қаражатының жұмсалып бақылауын өте маңызды тетік болуы мүмкін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент пәрмені лашық қалашық атаулысына қарсы тосқауыл екендігі айтпаса да түсінікті болды. Әркім айырым-кешірімді себептерін енді қанша алға тартпаса бұрын бір ойланып алатын болады. Әрі бейберекет құрылыс жіпсіз қармамайды.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 515.17

•USD/KZT 474.72

•RUB/KZT 5.58

•CNY/KZT 65.81

Қазақстан Ұлттық Банкінің 26 шілде, 2024 жылғы дерегі бойынша



Билік диалог алаңында

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қала тұрғындарымен Диалог орталығында кездесіп, әр азаматты жеке мәселесі бойынша қабылдады. Оларды мұқият тыңдап, сұрақтарына жауап берді. Қарағандылықтар облыс орталығында жүргізіліп жатқан абаттандыру мәселесі бойынша, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бағытындағы проблемаларды шешу жолдарын ұсынды және жөн-жосықсыз салынып жатқан құрылыс нысандарына деген шағымын жеткізді.



Атап айтсақ, аймақ басшысына қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігі Мұқанов көшесіндегі «Батыр» ТК құрылысына қаражат салған қарағандылықтар өз талап-өтінішімен жүгінді. Бірақ, сот шешімімен ол үй бұзылған болатын. Құрылыс салушы уәделерге «Сатыбалды көше-

сіндегі «Алтын» тұрғын үй кешінен пәтер беремін» деп уәде еткен. Алайда, бұл үйдің құрылысы ұзаққа созылып, шаруаның сиырқұйымшақтанып кеткенін айтады шағымданушылар.

– Біз сияқты қатарымызда 40-қа жуық адам бар. Екі жыл бұрын ақша салдық, олардың

көбісі несие алған. Құрылыс салушы бізді түкке тұрғысыз уәделермен тойдырды. «Алтын» ТК құрылысы өткен жылы басталуы тиіс еді. Алайда, болашақ үйдің орнында коммуникациялар өтетіні белгілі болды. Қала әкімдігі құрылыс салушының жағдайына түсіністікпен қарап,



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

құрылыс жоспарын өзгертті, ТК аумағы ығыстырылды. Десе де, соған қарамастан, әлі де жұмыстар басталған жоқ. Біз облыс әкімінің жағдайды бақылауға алуын сұраймыз деген өтінішпен келдік. Аймақ басшысы құрылыс иесінің қатысуымен кездесу ұйымдастыруды тапсырды. Әрі қарай жағдайымыз айқындалып, ақшамызды қайтарамыз немесе баспана аламыз деп үміттенеміз, – дейді уәделердің бастамашыл тобының мүшесі Зарина Садықова.

Аталған кездесуде әлеуметтік қамсыздандыру, бизнеске жәрдемдесу мәселелері де көтеріліп, тұрғындар өз ойын ортаға салды.

Ал, Саяжай қауымдастықтарының өкілдері болса, Федоров саяжайларына баратын жолды асфальттауды, автобустың жұмысын реттеуді сұрап отыр.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев әр салаға жауапты ведомстволардың басшыларымен бірге жергілікті тұрғындардың мәселелерін тыңдады. Қосымша қарауды қажет ететін сұрақтар бақылауға алынғанын атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Тазалық үшін тың акция



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Қарағанды облысында сәтті жүзеге асуда.



Жаз мезгілінде елдің суды көп ішетіні ескеріліп, бос шишаларды балмұздаққа айырбастау идеясы тазалықты сақтауға үлес қосуға зор мүмкіндік болып отыр.

Нақтырақ айтсақ, «Таза Қазақстан» акциясы аясында 27 шілде күні сағат 11:00-ден бастап, Жаңа Майқұдық саябағында бес пластик немесе шыны бөтелкені бір балмұздаққа айырбастауға болады.

– Шыныдағында, бұл акция маған өте ұнады. Босаған шишаны қоқысқа тастағанша көдеге жарағаны тамаша ғой. Оның үстіне, бос ылдысты көшеге лақтырып, тазалық сақтамайтындар да кездеседі. Осы жағынан да құттарлық іс, – дейді Майқұдық тұрғыны Эльнура Бекмаханова.

Акция қаланың басқа жерлерінде де жалғасатынын атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Шиеленіскен мәселелер шешімін табады

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласында атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Атап айтқанда, қаланың жылыту маусымына дайындығын пысықтап, құрылыс жұмыстарын қарап, сапасын тексерді. Сондай-ақ, қала халқымен кездесті.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқашта жылу желілерін қайта жаңарту жалғасуда. Магистральдық құбырлардан басқа, орамшыл құбырлар ауыстырылды. Жөндеу жұмыстарымен 25 шақырым қамтылған. Оның ішінде, өткен қыста апаттар болған проблемалық учаскелер де бар. Бұл қаланы жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Өңір басшысына бәрі кесте бойынша жүріп жатқаны баяндалды. Жұмыс көлемі өткен жылмен салыстырғанда ұлғайған. Былтыр 14 шақырым жылу желілері ауыстырылса, биыл 25 шақырым құбыр жаңартылды. Жылыту маусымы басталғанға дейін жөндеу жұмыстарының барлығы толығымен аяқталмақшы. Сонымен қатар, қалада су құбыры желілері де қайта жаңғыртылуда. Биыл 14 шақырымды ауыстыру жоспарланған.

– Балқашқа үнемі келіп отырамын. Бұл сапардың мақсаты – жылу маусымына дайындықты тексеру. Жұмыс белсенді жүріп жатқанына көз жеткіздім. Міндет – тұрғындарды тұрақты және сапалы жылумен қамтамасыз ету. Сумен қамтамасыз ету мәселесі де шешілуде. Бұған қаражат бөлінді. Мердігерлердің жоспарланған көлемдерді мерзімінде және сапалы орындауын қадағалау қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі қаланы дамыту бойынша негізгі жобалардың іске асырылуы туралы хабардар етті. Аймақ басшысы кешенді қайта құру жұмыстары жүргізіліп жатқан Балқаш әуежайына табан тіреді. Қазір мердігер ұшақтардың жермен жүру жолы мен перронды жаңартумен айналысуда. Биыл жұмыстың осы бөлігін аяқтау жоспарлануда. Жоба, сонымен қатар, әуежай ғимаратын қайта құруды және жаңа арнайы көлік қызметінің ғимаратын салуды қамтиды.

Ермағанбет Бөлекпаев қала жағалауының абаттандырылу жұмыстарын да тексерді. Мұнда жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Жөндеу жұмыстарының бірінші кезеңі қыркүйекте аяқталады деп жоспарланған. Қазіргі уақытта жағалау аумағында жаңа аллеялар, балалардың ойын және спорт алаңдары, велосипед жолы, трогуарлар және тағы басқа қажетті дүниелер болады. Суга ыңғайлы

және қауіпсіз кіру үшін граниттен жасалған баспалдақтар салынууда.

Сапар барысында аймақ басшысының назарынан «Жайлы мектеп» құрылысы да тыс қалған жоқ. 900 орындық жаңа оқу орны С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиядағы жүктемелі төмендетуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ғимарат толығымен салынған, ішкі орлеу жұмыстары жүріп жатыр. Мектеп барлық заманауи талаптарға сай болады. Облыс әкімі Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейге де барды. Бұл жерде бюджет қаражаты мен «Қазақмыс» корпорациясы жөндеу жұмыстарын жүргізген. Оқу орнында электр коммуникациялары жаңартылды, бөлменің қабырғалары оқшауланды. Сонымен қатар, оқу кабинеттеріне жаңа жиһаз сатып алынған.

Облыс басшысы денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жобалармен де танысты. Балқашта балалар мен ересектерге арналған оңалту орталығы ашылады. Сондай-ақ, бос тұрған ғимараттардың бірін дәрігерлер үйіне қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Медицина мамандары үшін 30 пәтер жабдықталады. Бұл дәрігерлердің жетіспеушілігін шешуге көмектеседі. Сапар барысында облыс әкімінің назарына өнеркәсіп саласында да жоба ұсынылды.

Бұдан кейін облыс әкімі Мағауия Хамзин атындағы мәдениет сарайында Балқаш қаласының халқымен кездесті. Басқарма мен сала басшылары да осы жерден табылды. Мемлекет басшысы



Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында облыс басшысы халық алдында қолжетімділік пен есеп беруді қамтамасыз ету мақсатында әр тоқсан сайын кездесуге әзір екендігін атады. Әр жауапты мекеме халықпен мүмкіндігінше жиі кездесіп, оның мұң-мұқтажын тыңдап, азаматтардың мәселелерін жедел шешуі керектігін жеткізді. Алдымен Балқаш қаласындағы облыс әкімі Сапар Сатаев атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

– Балқаш қаласы халқымен өткен кездесуінде 106 сұрақ көтерілген болатын, бүгінгі таңда осы көтерілген сұрақтардың 75-і

шешімін тапты, қалған сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізілуде, олар бақылауда. Қала экономикасына негізгі капиталға 28 млрд. теңге инвестиция салынды. Инвестиция көлемі 68 млрд. теңгені құрайды, бұл өткен жылдың деңгейіне қарағанда 1% өсіп отыр. Құрылыс саласында жұмыс көлемі 21,4 млрд. теңгені құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 73% өсті. Биыл құрылыс жұмыстарының көлемі 44,5 млрд. теңгені құрап, 3,9% ұлғайды. Жеке инвестициялар есебінен 6,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 10 шағынауданда 45 пәтерлік №15 несиелік тұрғын үйдің құрылысы аяқталды, пәтерлер шілде айында «Отбасы Банкі» салымшыларына және кезекте тұрғандарға берілді.

10 шағынауданда 45 пәтерлік 2 арендалық үйдің және 45 пәтерлік 3 несиелік үйдің құрылысы жүргізілуде. Биыл №7 арендалық және №11 несиелік екі үйді пайдалануға береміз. Былтыр көпбалалы отбасыларға 84 пәтер сатып әпердік. Биыл әлеуметтік осал отбасылар үшін 117 пәтер сатып алу жоспарлануда, – деді қала әкімі Сапар Сатаев.

Қала әкімінің мәлімдеуінше, қалада барлығы 598 көппәтерлі тұрғын үй бар. Олардың жылыту маусымына дайындығы штаттық режимде жүзеге асырылуда. Бүгінде 186 көппәтерлі тұрғын үйге гидравликалық жұмыстар жүргізілген. 182 көппәтерлі тұрғын үйге «Балқаш жылу» ЖШС тарапынан 100% дайындық актілері берілген. 11 көп қабатты үйдің фасадтары мен шатырларын жөндеу жоспарланған. Бүгінгі күні барлық үйлерде жұмыстар жүргізілуде. Шағын кәсіпкерліктің дамуы қала экономикасында маңызды роль атқарады. Қазіргі таңда шағын және орта субъектілері 6045 бірлікті құрайды. Кәсіпкерлікті дамыту аясында биылғы жылы «субсидиялау» бойынша 32 жоба және «кепілдік беру» бойынша 4 жоба мақұлданды. Мемлекеттік грант тамыз-қыркүйек айларында беріледі. Қалада туристік имиджді қалыптастыру бағытында біртұтас шаруа қолға алынған. Туризмді дамыту бойынша қалада 20 қонақ үй және Торанғылық, Шұбартүбекті қосқанда 1224 нөмірлі 58 демалыс орны бар. Бүгінгі күні 7 демалыс орнының құрылысы жүргізілуде. Былтыр жүз мыңға жуық туристер демалды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған жеке мәселелеріне байланысты сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ, жер учаскелері мен тұрғын үй бөлу, жеке сектордың жолдары және ТКШ проблемалары да сөз болды.

– Қалада көлік кептелісін азайту әрі шаһардың сәулеттік келбетін арттыру мақсатында жолдар абаттандырылып, қолайлылықтар салу жоспарлануда. Ендігі мәселенің бірі – қалаға кіреберіс бағыттағы жолдарды абаттандыру, кіреберісіне көпір орнату. Өйткені, қазіргі көпір көліктерге таршылық етіп отыр. Заман талабына үндесетін, келбеті алыстан көз тартатын, еңселі көпір орнатар уақыт жеткендей, – деді Балқаш қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Жұманов.

– Қазір көлік қозғалысы көп кезде, әрине, жаңа көпірді іске қосу керек. Ол үшін құжаттарын тездетіп әзірлеу қажет. Тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасап, қалада өзара көлік қатынасын қамтамасыз ету – бүгінде әкімдік үшін негізгі басымдықтардың бірі. Сонымен қатар, көлік-логистика саласы еліміздің экономикалық дамуының қозғаушы күштерінің біріне айналуы тиіс. Сондықтан, біз осындай инфрақұрылымдық жобаларды жедел іске асыруымыз керек. Бұл жұмысты қала әкіміне тапсырамын, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу барысында балқаштықтар қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, сапалы медициналық қызмет, білім беру мәселелері алаңдатып отырғандығын жеткізді. Нәтижесінде, біртұтас мәселе басшылықтың бақылауына алынды. Сондай-ақ, қала халқы бюджет қаражатын тиімді пайдалану, әлеуметтік пайдаландыру жұмысы, жолдар мен нөсер көздерінің жай-күйі, жер мәселелері, тариф белгілеу және тағы басқа сұрақтар толандырады. Айтылған уәж, ұсыныс пен өтініштің бәрін мұқият тыңдап, нақты жауап беріп, шешімін табуға уәде берген облыс әкімінің жиналысы бірнеше сағатқа созылды.

Бұдан бөлек, Ермағанбет Бөлекпаев жұртпен жеке қабылдау өткізді. Көпшіліктің көкейіндегі түйткілді сұрақтардың жауабын тауып, түйінін тарқатуға талпынып, барлық кеңесі мен көмегін аямаған аймақ басшысына жұрт риза пейілмен тарқасты.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



Кері тартқан көлеңкелі экономика

(Соңы. Басы 1-бетте).

Заңсыз сауданың, атап айтқанда, шеттен әкелінетін контрабандалық өнімдердің әлеуметтік салдарын да ұмытпау керек. Атап айтқанда, арзан арақ облыста қылмыстың өсуіне, сыбайлас жемқорлыққа да әкеледі.

«Сапасыз суррогат өнімдерден кейін тұрғындар заңды өндірушілер мен бақылау органдарына сенуден қалады», – дейді Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаментінің тергеу басқармасы басшысының орынбасары Ержан Өтебаев.

Алкоголь пластик ыдыста сағылмайды

Суррогат алкогольмен және заңсыз темекі өнімдерімен күресудің бірден-бір жолы – заңды қатаңдату екенін айтады Ержан Серғазыұлы. Бұл – алкоголь мен темекі өнімдерінің өндірісі мен таралуын бақылаудың қатаң шараларын енгізу, сондай-ақ, заңсыз өнімді өндіру мен таратқаны үшін жазаны күшейту.

– 1999 жылғы 16 шілдеде «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заң қабылданды. Ол техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін этил спирті мен алкоголь өнімін өткізуге тыйым салады. Мәселен, сыра және уыты төмен сусындардан бөлек, алкоголь өнімін қаңылтыр ыдыста, затбелгісі жоқ шпашада және пластик ыдыста сатуға болмайды. Одан бөлек, есепке алу-бақылау таңбасы жоқ, белгіленбеген үлгідегі және сәйкестендіруге келмейтін маркасы бар өнімдерге де сақтықпен қарау керек, – дейді Ержан Өтебаев.



Сурет ашық дереккөзінен

Соңғы үш-төрт жылда Қарағанды облысының аумағында алкоголь және темекі өнімдерін заңсыз өндіретін цехтар анықталмаған.

Алкоголь өнімін тиісті лицензиясыз, есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру аспабынсыз сақтауға және өткізуге тыйым салынатынын да айту керек. Олардың барлығы Заңда егжей-тегжейлі көрсетілген.

Одан бөлек, этил спирті мен алкоголь өнімін тауарларға ілеспе жүкқұжаттарсыз, ресімдеу қағидаларын бұза отырып, сауда айналымына енгізуге және өткізуге тыйым салынатынын айту керек.

QR код тұтынушыға көмек

Суррогат алкоголь және темекі өнімдерінің заңсыз айналымы бойынша қылмыстық істерді Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті қарайды. Ол үшін жауапты адамға Қылмыстық кодекстің 214-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Атап айтқанда, акцизделетін тауарларды айтарлықтай мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не өткізумен айналысқаны

үшін екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер қылмыс қайталанса, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеп, не сол мерзімге бас бостандығынан айырады. Бүгінде бұл қылмыстар шағын және орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатады.

– 2023 жылы Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті 6 қылмыстық істі тергеді. Оның екеуі Қылмыстық кодекстің 233-бабы бойынша және төртеуі 214-бап бойынша тергеу-тексерілді. Заңсыз айналымнан 50 мыңнан астам шиши алкоголь, 600 мыңнан астам қорап темекі

және 78 мыңнан астам қорап снюс, шайнайтын темекі тәркіленді. Биыл Қылмыстық кодекстің 214-бабы бойынша екі іс сотқа дейінгі тергеу-тексеру барысында. Одан бөлек, заңсыз айналымнан 1,5 миллион қорап темекі және 400-ден астам электронды вейп тәркіленді, – дейді Ержан Өтебаев.

Құзырлы орган өкілдері алкоголь мен темекіні өндіру мен сатуға мемлекеттік бақылауды күшейту контрабандалық өнімдерге қарсы тұрудағы маңызды қадам дейді. Одан бөлек, кәсіпорындарды, сауда нүктелерін және логистикалық тізбектерді үнемі тексеріп отыру заңсыз тауарлардың

жеткізу үшін заңнаманы жетілдіру, бақылауды күшейту және халықты ақпараттандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет, – дейді Жандар Ибрагимұлы.

Сонымен қатар, тұтынушылар да сапасыз өнімді айыра білуі керек. Мәселен, контрабандалық өнімдердегі есепке алу-бақылау маркаларының таңбасы сапасыз әрі жылдам ынып қалады. Одан бөлек, тұтынушылар этил спирті мен алкоголь өнімдерін «Е-сапа» ақпараттық жүйесі арқылы тексере алады. Бұл есепке алу-бақылау маркаларындағы штрих-кодтарды сканерлеу арқылы алкоголь өнімінің заңдылығын тексеруге мүмкіндік

Алкоголь өнімін тиісті лицензиясыз, есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру аспабынсыз сақтауға және өткізуге тыйым салынатынын да айту керек. Олардың барлығы Заңда егжей-тегжейлі көрсетілген.

таралуын анықтауға және алдын алуға көмектеспек.

Түрлі заманауи технологиялар да заңсыз алкоголь және темекі өнімдерінің өндірісі мен таралуын қадағалау мен бақылауда тиімділігін көрсеткен. Мәселен, QR кодтар мен ID белгілер тұтынушылармен бақылаушы органдарға тауарлардың түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік береді.

Қайталанған серия құман тұдыруы керек

– Суррогат алкоголь және заңсыз темекі өнімдерімен күресу кешенді тәсілді және мүдделі тараптардың белсенді қатысуын талап етеді. Мемлекеттің, бизнестің және қоғамның үйлестірілген күш-жігері ғана осы салада айтарлықтай нәтижелерге әкелуі мүмкін. Ортақ мақсатымызға қол

беретін мобильді қосымша. Ол үшін қосымша сканерін штрих-кодқа тақап, болмаса, сериясын, нөмірін және маркасын қолмен енгізуге болады. Нәтижесінде сусынның атауы, өндірушісі және тағы да басқа ақпарат алуға болады.

– Алкогольдік өнімнің суррогат емес екенін тексерудің қарапайым тәсілі – оның бөтелкесіне назар аудару керек. Сапасыз өнім зауыт параметрлеріне сай келмейді. Мәселен, жасырын цехтар үнемідеу мақсатында зауыттан шыққан өнімнің қақпағы астында болатын сақинасыз шығарады. Тіпті, дүкендегі дәл осындай тауарларды салыстырып көруге де болады. Егер, есепке алу-бақылау маркаларының сериясы қайталанса, алкогольдік өнімге күдікпен қарау керек, – дейді Жандар Ибрагимұлы.

Декларацияның соңғы аккорды

Экономикасы дамыған және өркендетті, салық әділ салынатын, сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономикасыз мемлекетте өмір сүру үшін елімізде жалпыға бірдей декларациялау енгізілген болатын. Себебі, әлемнің дамыған елдерінің тарихына зер салсақ, сыбайлас жемқорлықпен күресудің бірден-бір тәсілі осы екенін көруге болады. Осының негізінде халықтың кірістері ғана емес, әлеуметтік шығындарының салық шегерімдері туралы да ақпарат қалыптасады. Қазір декларациялаудың үшінші кезеңі жүрде. Яғни, заңды тұлғалар мен құрылтайшылар, олардың жұбайлары, сондай-ақ, жеке кәсіпкерлер тапсырады. Ал, соңғы, төртінші кезең 2025 жылы басталады. Бұл ретте салық төлеп отырған қазақстандықтардың барлығы жалпыға бірдей декларация тапсыруға міндетті.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

2025 жылдан декларацияны еліміздің барлық салық төлеушілері тапсырады. Ал, мемлекет декларацияларды әлеуметтік шығыстар бойынша алынған кірістер мен қолданылатын салық шегерімдері туралы ақпарат көзі ретінде пайдаланады. Бұл мәліметтерді талдаумен қатар, міндеттемелерді орындаудың ағымдағы жай-күйінің егжей-тегжейлі көрінісін көрсетеді. Одан бөлек, дәл осы жалпыға бірдей декларациялау аясында халықтың әлеуметтік оялу топтары анықталып, мемлекеттік қолдау саясатын теңгерімді қалыптастырады деген болжам бар.


Салық декларациясын электрондық түрде және қағаз тасымалдағышта тапсыруға болатынын айтады Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Алданыш Адамбеков.

Мәселен, қағаз жеткізгіште Халыққа қызмет көрсету орталықтарына, мемлекеттік кірістер органдарына немесе пошта бөлімшелері арқылы ұсынады.

– 2024 жылдан жеке тұлғалардың декларациясын ұсынуының бірыңғай мерзімі белгіленді. 250.00 нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін өзінің тұрғылықты жері бойынша ұсыну қажет, – дейді Алданыш Мейірханұлы.

250.00 нысаны бір рет қана тапсырылатынын айту керек. Бұл ретте активтер мен міндеттемелер көрсетіледі. Оған жылжымайтын мүлік, жер учаскелері және жер үлестері, әуе және теңіз кемелері, көлік құралдары, арнайы техника және тіркелмелер және тағы сол сияқтылар кіреді.

Ал, екінші 270.00 нысанда көрсетілуі тиіс кірістер мен мүлік



Сурет ашық дереккөзінен

туралы декларация – жыл сайын тапсырылады. Онда жылдық табыс, яғни, 12 айдағы жалақы, депозиттегі пайыздар, пәтерді жалға беруден түскен пассивті түсімдер және басқа көздер, ірі сатып алулар мен иеліктен шығару және тағы сол сияқтылар көрсетіледі.

– Халыққа ыңғайлы болу үшін салық төлеушінің кабинеті арқылы декларацияларды тапсыру бойынша cabinet.salyk.kz электрондық сервис, Moldir.qoldau.kz веб-порталы, «Электрондық

үкімет» порталы жұмыс жасайды. Одан бөлек, Kaspi.kz, Halyk, bcc.kz, eGov mobile, «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшаларында электронды түрде ұсынуға болады. Азаматтар электрондық цифрлық қолтаңба алуға онлайн өтінім бере алады, ал, мобильді қосымшаларға қолтаңбасыз, смс-код арқылы кіруге болады, – дейді Алданыш Адамбеков.

Қабылданған шаралар жалпыға бірдей декларациялау кезеңінде жеке тұлғалардың салық

Президент тапсырмасын орындай отырып...

декларацияларын қабылдауды уақытылы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Алданыш Мейірханұлы халық арасында декларация тапсырудың ең танымал тәсілі – мобильді қосымша болып отырғанын айтады. Одан кейін – «E-Salyq Azamat» және салық төлеушінің кабинеті.

Олардың үлесіне барлық қабылданған декларациялардың шамамен 95% тиесілі.

– Бүгінде азаматтардың 99% декларацияны электронды түрде ұсынады. Оны уақытылы ұсынабағаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік Құқық бұзышылық туралы Кодексінің 272-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Яғни, бірінші рет ескерту жасалады. Екінші рет декларацияны ұсынбағаны үшін 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Мәліметтерді толық көрсетпегендер де жазасыз қалмайды. Оларға үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл арқалайтынын айту керек, – дейді Алданыш Адамбеков.

Активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік туралы декларациялар активтер мен міндеттемелер болмаған кезде де берілетінін атап өткен жөн.

Естеріңізге сала кетейік, салық төлеушілерге ыңғайлы болу үшін барлық мемлекеттік кірістер басқармаларында бар сұрақтарға жауап алуға және декларацияны толтыруға көмек алуға болатын консультациялық орталықтар құрылды.

– Биыл республика бойынша кірістерді жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде барлығы 5 миллионға жуық адамның активтері мен міндеттемелері және жеке табыс салығы туралы декларацияларды тапсыруы керек. Дүрбелен болмас үшін облыс тұрғындарын декларацияларды тапсыруды кейінге күнге қалдырмауға шақырамын, – дейді Алданыш Мейірханұлы.

• ӨЗЕКПІ

Көмектен кемдік көрмейді

YDD Corporation зауытында болған оқиға салдарынан төрт адам қайтыс болды. Екі адам ауыр жағдайда жансақтау бөлімінде. Ал, екеуінің жағдайы едәуір жақсарғанын айтады облыстың денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі. Дәрігерлер оларға палатада жүруге, туыстарының келуіне рұқсат еткен. Қазір арнайы комиссия зауытта болған оқиғаның себептері мен мән-жайларына тергеу жүргізуде.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Премьер-Министр Олжас Бектенов YDD Corporation зауытында қаза тапқан қызметкерлердің туыстарына көңіл айтты.

– Қарағанды ферроқорытпа зауытындағы қайғылы оқиға туралы хабарды қатты қайғырып қабылдадым. Оқиғаның себептерін тергеу менің жеке бақылауымда. Қаза тапқандардың отбасыларына барлық қажетті қолдау көрсетіледі, – деді ол.

Балалары бар қаза тапқандардың отбасыларына асыраушысынан айрылуына байланысты республикалық бюджеттен жәрдемақы және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер тағайындалады. Бұдан басқа, отбасылар сақтандыру төлемдерін және Бірыңғай жинақталушы зейнетақы қорынан жерлеуге біржолғы төлемді ала алады.

Ал, облыстың еңбек инспекциясы басқармасының баспасөз қызметі Қарағандыдағы ферроқорытпа зауытында болған оқиғаның себептерін анықтау үшін еңбек заңнамасы шеңберінде құрылған комиссия жұмыс жасап жатқанын хабарлады.

– Комиссия құрамына барлық уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері бар. Бүгінгі күні комиссия жазатайым оқиға болған жерге тексеру жүргізді. Сондай-ақ, компания зардап шеккен отбасыларын қолдау үшін 10 жылдық жалақы мөлшерінде біржолғы төлем жасайтындарын атап, тұрғын-үй жағдайларын жақсартуға көмек көрсетеміз деп отыр. Одан бөлек, қызметкерлер мен олардың жұбайларының барлық несиелерін толық өтейді.

Сурет зауыттың баспасөз қызметінен

дай-ақ, оқиға болған жерді суретке түсірді, техникалық құжаттаманы зерттеп жатыр. Тергеу шеңберінде алынған құжаттардың көшірмелерін беру үшін Әлихан Бөкейхан атындағы ауданның полиция бөліміне сұрау салу жолданды, куәгерлер мен жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізілуде, – деп хабарлады ведомстводан.

Бүгінге дейін YDD Corporation компаниясы ешқандай баспасөз конференциясын өткізген жоқ. Зауыт тек Instagram парақшасы арқылы ақпарат беріп отыр.

– Әріптестеріміздің отбасылары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз және осы ауыр кезеңнен өтуге қолдан келгенін бәрін жасаймыз. Компания жерлеуді ұйымдастыру, ас өткізу және мазар салу бойынша барлық шығындарды өз мойнына алады, сондай-ақ, отбасына барлық қажетті қолдауды көрсетеді, – делінген зауыттың ресми парақшасында.

Сондай-ақ, компания зардап шеккен отбасыларын қолдау үшін 10 жылдық жалақы мөлшерінде біржолғы төлем жасайтындарын атап, тұрғын-үй жағдайларын жақсартуға көмек көрсетеміз деп отыр. Одан бөлек, қызметкерлер мен олардың жұбайларының барлық несиелерін толық өтейді.

Сурет зауыттың баспасөз қызметінен



• БӘРЕКЕЛДІ!

Қазақы жылқыға қолдау бар

Ескіміз жаңғырып, еңсеміз көтерілуде. Қазақтың көне салты қайта түлеп, ұлттық құндылықтар қолдау тауып жатыр. 2024 жылдың 9 шілдесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құжат мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың отандық тұқымның өсімін молайтуға бағытталған. Сондай-ақ, қазақтың спорттық, яғни, көкпар, бөйге жылқыларының көне қасиеттерін сақтай отырып, өсімін молайтуды, олардың тұқымдарын құндырақ етіп, асылдандыру жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Бұдан бөлек заңның бастапқы бөлігіндегі «асыл тұқымды мал» және «тұқым стандарты» ұғымдарына түзетулер енгізіледі. Осылайша, тұқым стандартына сәйкес келетін және Республикалық палатада тіркелген таза тұқымды жануарлар ғана асыл тұқымды жануарға жататын болады. Оларға құзарлы орындардан арнайы мөрі бар құжаттар беріледі. Фенотиптік және өнімді көрсеткішке қойылатын мини-малды талаптар ғана емес, сонымен қатар басқа көрсеткіштер де қамтылатын «тұқым стандарты» ұғымдары нақтыланады.

Заңда асыл тұқымды жылқыларды өсіруді ынталандыру мақсатында Қазақстан аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін бағыттарындағы жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мақсатында жұмсалған шығындарды өтеу көзделеді.

Бұл заңның қабылдануы еліміздегі асыл тұқымды жылқыларды сақтап қалуға хәм олардың басын ұлғайтуға зор ықпалын тигізеді деп күтілуде.

Қарағанды облысында осы заңға байланысты жоспарлар құрылуда. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпановтың айтуынша, әзірге тек жегін жылқы басының өсіміне көп көңіл бөлінген. Биылғы жылы жегін жылқы басы – 11,1 пайызға өскен. Бұл – 352,2 мың басты құрайды.

Сурет автордан

Агроқоқешен: түлік төлді, алқап астықты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек өнімділігін арттырып, ауыл шаруашылығына жаңа технологиялар мен өндіріс тәсілдерін енгізу маңызды екеніне назар аударған болатын. Президенттің пікірінше, бұл шаралар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, нақты табысының артуына ықпал етеді. Тапсырмаға сай Қарағанды облысында да ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасына ден қойылуда.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн райы хәм төрт түлік

Өткен қыстың әлегі әбігерге салған-ақ еді. Қар қалың түсіп, тоңазыған тоң көктемгі су тасқынына әкеп соқты. Алайда, қардың қызыл суы сарсаңға салса да, мамыражай маусым ел көңілін сейілітіп тастады. Жылы жауыны мен салқын самалы ескен Сарыарқаның сары даласы қарға аунаған түлкідей құлпырды. Ауа райының бұл нышанын диқандар мен ауыл шаруалары жақсылыққа жорып, дәнді дақылдардың биылғы өнімінің мол боларына кәміл сенімді.

Синоптиктердің мәліметінше, Қарағанды облысының солтүстігінде, шығысында, оңтүстігінде найзағай ойнап, бір ай ішінде бірнеше мәрте жауын күтіледі. Түнде және таңертең облыстың солтүстігінде тұман болады. Күндіз облыстың солтүстігінде, оңтүстігінде солтүстік-батыстан, батыстан соққан желдің екпіні 15-20 м/с болмақ. Бұл – күзге дейін арақидік қайталанып тұрар болжам. Ылғалды ауа егістік алқабы мен төрт түлікке пайдалы екені сөзсіз.

– Былтырғы қыс қатты болды демесек, қардың қалың түсуінің пайдасы көп екенін көріп отырмыз. Тоң қалыңдықтан жер ылғалды. Сол жерге салған дән тез бой көтерді. Оның үстіне күннің ыстығын жиі жауған жауын басып, егістік алқаптарына зор ықпал етуде. Сол себептен алқапты жапырақтардың сарғайғаны байқалмайды. Өйткені, егістік



Коллаж жасапты А. Рахымжанов

түбі қанша ылғал болса да, басына күн тиіп, ыстық өте берсе, ерте қурайды. Ал, мына жауын оның алдын алуда. Табиғаттың бұл көмегіне мың да бір шүкір. Ауа райының бұл қолайлылығы төрт түлікке де ыңғайлы. Мысалы, жылқылар ерте төлдеп, құлындары жылдам ширады. Олардағы сақау, ішек құрт, шығу аурулары да сиреді. Неге десеніз, жауын шаңды басады. Жылқы бойында кездесетін көп аурулар осы шаң-тозаңнан. Тіпті, биыл мал басы ерте ет алуда. Қыстан құржаны шыққан биелердің бүйірі шықты. Сыырлардың да сәйгесі азайып алаңсыз жайылуда. Бұл да жиі жауған жауын мен өсімдік басының дымдануынан. Оның үстіне дымқыл шөпті жеген мал шөлдей де қоймайды. Осылайша бір шөп, бір сумен ерте семіреді, – дейді «Желтау» шаруа қожалығының мүшесі Алмас Мұстафин.

Астыққа қамба тола ма?!

Өнімнің молаюына ауа райы қолайлы екенін айтқан жөн. Халық даналығында «Көктемде бір тойдым, көбік қарда бір тойдым» деген тәмсiл осыдан қалса керек. Астықтың мол түсіп, қамба толларына мамандардың да күмәні жоқ. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов айтты.

– Көктемгі егіс алқабы 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 15,2 мың гектарға ұлғайып, 1 млн. 91 мың гектарды

құрады. Дәнді және дәнді бұршақты дақылдар 908,7 мың гектар алқапқа, оның ішінде, бидай – 759,8 мың гектар, арпа – 134,01 мың гектар, бұршақ – 2,3 мың гектар, ал, майлы дақылдар 26,0 мың гектарға себілді. Картоп – 11 991 гектарға, көкөніс – 994 гектарға отырғызылды. Дәнді және майлы дақылдар алқаптарының әртарапандыру шеңберінде қысқаруы есебінен азықтық дақылдар алқабы 67,2 мың гектарға ұлғайып, 143,4 мың гектарды құрады. Оның ішінде, біржылдық шөп, яғни, сабан – 82,0 мың гектар, көпжылдық шөптер – 61 мың гектарға артты. Жауынның жиі жаууы мен ылғалды жеткіліктілігі егістікке оң әсерін тигізді. Бүгінгі таңда дәнді дақылдардың 60,6 пайызы жақсы өсуде. 38,6 пайызы қанағаттанарлық, 0,8 пайызы нашар жағдайда. Бұл – биыл астықтан тарлық жоқ деген сөз. Даму тармағын талдар болсақ, егіс алқабының 90,3 мың гектары түтікке шығу, 250,4 мың гектары масақтану, 468 мың гектары түлдену барысында. Жалпы, қолайлы табиғи-климаттық жағдайларда облыс бойынша орташа көрсеткіш, дәнді дақылдардың түсімі гектарына 8-9 центнерден, картоп 232 центнерден, көкөністер 250 центнерден шығады деп күтілуде. Бұл аз көрсеткіш емес. Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген 17,4 мың тонна арзандатылған дизельдік отын «Retail Trade Oil» ЖШС, «Мунай Company» ЖШС операторларымен кестеге сәйкес жеткізіліп, шаруашылық құрылымда-

рына литрі 245 теңгеден берілді. Қалған көлемі шөп шабу, тағы да басқа жұмыстар үшін үлестірілуде. Ал, күзгі дала жұмыстарын, яғни, егін орымы уақытына 15 мың тонна көлемінде бөлінген арзандатылған дизель аталған операторлармен кестеге сәйкестендіріліп жоспарланды. Мысалы, шілде айына – 0,3 мың тонна, тамыз – 7,0 мың тонна, қыркүйек – 6,4 мың тонна, қазан – 1,3 мың тонна тасылып, ауыл шаруашылық техникалық өндірісі үшін литрі 245 теңгеден қарастырылады, – деді Сырым Бейсебайұлы.

Асыл тұқымды түлік саны артты

Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының есебіне сүйенсек, аймақта егістік алқаптарымен қатар мал басын асылдандыру да дамуда. Қазіргі күні асыл тұқымды мал үлесін арттыру есебінен мал шаруашылығы саласының тұрақты дамуы қамтамасыз етілген. Жыл басынан бергі есепке сай, ірі қара – 490,5 мыңға, жылқы – 340,8 мыңға, қой-ешкі – 763,7 мыңға, құс – 3656,0 мыңға өскен. Соның нәтижесінде ет өндірісінің орташа көрсеткіші анағұрлым артқан. Мамандар болжамына сай 2024 жылы ет өндірісі – 1,8 пайызға, сүт өндірісі – 2,3 пайызға, жұмыртқа – 7,5 пайызға ұлғаяды. Бұл көрсеткіш – тек жартыжылдықта іске асқан нәтиже. Алдағы жартыжылдықта дәнді дақылдар мен мал санының өсімі артары анық.

• ВАКЦИНАЦИЯ

Эпизоотиялық лимфангитке қарсы екпе

Естеріңізде болса, Бұқар жырау ауданына қарасты Төрткүл ауылының тұрғындары жылқылардың жаппай қырылып жатқанына алаңдап, дабыл қаққан еді. Облыстық әкімдік жағдайға қатысты түсініктеме беріп, аурудың алдын алуға жағдай жасайтындықтарын жеткізген еді. Индеттен мал басын жоғалтқан ауыл ағайынына өтемақы төленді. Мамандар бұл аурудың эпизоотиялық лимфангит екенін анықтаған болатын.



Сурет ашық дереккөзден

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Созылмалы ауру терінің қабынуымен және лимфа тамырларының зақымдалуымен сипатталады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қарағанды облысында алғаш рет эпизоотиялық лимфангитке қарсы 200 бас жылқы егілді.

«Екпе – болашақта жылқылардың бұл аурумен ауырмайтындығының кепілі», – дейді облыстық ветеринария басқармасы басшысы Қайырбек Тұрсынбеков. Бұл аурудың шетелдік жылқылардан екені расталған-тын. Алайда, аурудың алдын алар екенің тапшылығы мәселе тудырды. Десек те, Отар биологиялық қауіпсіздік

мәселелері ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері отандық вакцина әзірледі. Жылқы десе, ішкен асын жерге қояр қазақ қоғамына бұл жаңалық жағары анық.

Ғалымдар қазір вакцинацияланған жануарларды бақылауға алды. Екпеден соңғы алғашқы нәтижелер қазан айында белгілі болады. Бұқар жырау ауданында екі жыл бойы эпизоотиялық лимфангит ауруы тіркеліп, осы уақыт аралығында ауыл тұрғындары 300-ден астам адалақы малынан айрылды. Үміткер ауылында 4 мыңдай жылқы бар. Жарты жылда бұл мекенде 125 ауру жылқы жойылды. Ал, қазір мамандар бес күн сайын жергілікті жылқы үйірлеріне клиникалық тексеру жүргізеді.

Ветеринариялық бақылау комитеті облыстық инспекциясының басшысы Ержан Бекетбаевтың айтуынша, әр өлген жылқыға шамамен 600 мың теңге көлемінде өтемақы төленеді.

– Ақпан айынан бастап, Бұқар жырау ауданының жайылымдарын тексеріп жатырмыз. Ауруға шалдыққан 300 жылқы жойылды. Оның 280-нің құны өтелді. Енді, аурудың алдын алу мақсатында және жаңа вакцинаны сынау үшін екпе егіп жатырмыз. Отар ғылыми-зерттеу институты вакцинасы сынақ барысында, қазан айына дейін бақылау жұмыстары жүреді. Екпе жарамды деп табылған жағдайда елімізде жылқыға жаппай вакцинация басталады, – дейді Ержан Бекетбаев.

• САНАҚ – 2025

Қанатқақты жоба – санаққа дайындық

2024 жылғы 20 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері пилоттық ауыл шаруашылығы санағын 54 елдімекенде – ауылдық және қалалық жерлерде жүргізетін болады. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі хабарлады. Ал, пилоттық ауыл шаруашылығы санағының мақсаты – санақ парақтарын, әдіснамаларды, ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сынақтан өткізу, далалық жұмыстардың ұйымдастырылуын, сондай-ақ интернет пен әкімшілік деректердің сапасын бағалау.

Бюро таратқан деректерге сүйенсек, ауыл шаруашылығы санағына шаруа немесе фермер қожалықтары, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын үй шаруашылықтарын қоса алғанда, заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелері, дара кәсіпкерлер қатыса алады.

Санақ жер және егіс алқаптары, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының саны, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымына қатысты басқа да аспектілер туралы деректерді өзектендіруге мүмкіндік береді.

«Пилоттық ауыл шаруашылығы санағы – 2025 жылғы

негізгі ауыл шаруашылығы санағына дайындықтың маңызды кезеңі. Ол таңдалған әдістемелік дұрыстығын және ақпараттық жүйелердің дайындығын тексеруге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Әсел Шауенова.

Атап өткен жөн, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысына және БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ұсынымына сәйкес, 2025 жылы ауыл шаруашылығы секторының құрылымы мен жай-күйі туралы өзекті деректерді жинауға да маңызды рөл атқаратын ауыл шаруашылығы санағын өткізу жоспарланған.

Ауыл шаруашылығы санағы – бұл ауыл шаруашылығының құрылымы мен жағдайы туралы мәліметтерді жинау, өңдеу, ресми статистикалық ақпаратты талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық бақылау.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауыл шаруашылығы санағы әр бес-он жыл сайын жүргізілуі керек. Оның негізгі міндеті – аграрлық шаруашылықтардың негізгі ұйымдық құрылымы туралы мәліметтер алу. Бұл сектордағы тенденциялар мен құрылымдық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Өз тілімізден



Сурет ашық дереккөзден

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Түбегейлі реформа түйткілге тосқауыл»

Үйіңізге су келмей қалса, көңіл райыңыз сарсанға салынары кәдік қой. Яки, көшедегі суағардан су өтпей, жол жиегі көлшікке айналса да, көзіміз қуанбасы анық. Сайып келгенде, облыс орталығындағы су жүйесінің қалыпты қызметі – қала тұрғынының денсаулығы мен жайлылығына кепілдік. Сондықтан, стратегиялық маңызы бар инфрақұрылымның бұл күнгі хал-ахуалы, сын-тегеуріні, болашақ басымдығы жайлы «Қарағанды Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас инженері Қайролла Құдашбаев мырзамен тілдестік...

– Құрметті Қайролла Дүйсенбайұлы, «Су – тіршілік көзі» деп жатамыз. Сіз бас инженер ретінде осы тірнекті тірліктің бір тұтқасын қос қолыңызға мықтап алған екенсіз. Қызметіңіз әр тұрғынға уыстап әбілхаят кәусарын ұсынғандай қадірлі де жауапты. Бұл жолға қалай бекінідіңіз?

– Қайырлы күн, мен «Қарағанды Су» ЖШС-де бас инженер қызметін атқарамын. Қызметім өзіме ұнайды. Өзім жайлы айтып өтейін, осы мекемеде 2003 жылдан бері еңбек етіп келемін. Михайловск сумен жабдықтау цехында шебер болып жұмыс істей бастадым. 2023 жылы басшылықтың шешімімен бас инженер қызметіне ауыстым. Мұнда сумен жабдықтау, су бұру цехтарының (апаттық бөлімшелер) жұмысын қамтамасыз етіп, бақылау, жетілдіріп, жабдықтау дамытып, ауыстыру жоспарларын қалыптастырамыз. Мұнымен бірге, желілер бойынша комиссиялық шығулар мен кеңестерге қатысамыз. Туындаған маңызды мәселелер бойынша мемлекеттік ұйымдармен және тұтынушылармен өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз. Әр ай сайын азаматтарды жеке сұрақтары негізінде қабылдау өткі-

земін. Тұтынушылардың сұрақтары жан-жақты және күрделі болады. Оған жауап катып, әрекет ету – басты міндетіміз деп есептеймін!

– «Шикі су ішпе» деген ескертуді жиі естиміз. Сол қаншалықты орынды? Үйге жеткен су қаншалық мөлдір?

– Қарағандылықтардың ауыз су сапасына сенетінін немесе сенбейтінін нақты айту қиын. Мүмкін біреу қраннан су ішеді, сонымен бірге, дүкендерде, біздің қаламыздың әрбір екінші тұрғынының пәтерінде орналасқан тазартқыш сүзгілер (фильтр) сұранысқа ие. Судың сапасын бақылауды «Қарағанды Су» ЖШС зертханасы тәулік бойы Қаныш Сәтбаев атындағы каналынан тұтынушылар үйлеріндегі қрандарға дейін су қозғалысының бүкіл жолы бойынша жүзеге асырады.

– Бүгінде көпқабатты үйлердің жергілікті жерлерінде үймереттің жоғарғы қабатын жеткілікті су қысымымен қамтамасыз ету үшін электр сорғысын орнатуға бола ма?

– Бірден ескертейін. Өз еркімен әрекет ету әрқашан насырға шабады. Мұнда су құбыры желілерін тексеру керек көрсетілген қызметті беруші тараптың



келісімін алу үшін қызмет берушіге жүгіну қажет.

– Қала бойынша сантехникалық апат легі азаймасы анық. Суысз қалған жандар дегбіріңізді алатын шақта жағдайды оңтайлы реттеу үшін жұмыс тобыңыз қандай шұғыл шара қолданады?

– Апат орын алғаны жайлы өтініштер келіп түскен сәттен бастап, «Қарағанды Су» ЖШС бригадасы апатты жою үшін

жедел режимде жұмыс істейді, қажетті техника мен арнайы құралдарды тартады. Апаттық учаске 24 тәулік бойы жұмыс атқарады.

– Қош делік. Енді өңірде «Қарағанды Судың» атқарып жатқан игілікті істеріне зер сала кетсек...

– «Қарағанды Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры Ербол Төлеуов осы мекемеге келгені көп уақыт бойы шешілмеген күрделі мәселе-

лер мен ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Қарағанды қаласының тұтынушылары кәсіпорын тарихынан жалпы хабардар. «Қарағанды Су» 1958 жылы құрылды, мекеме Қарағанды, Теміртау қалаларының, Ақтас кентінің тұтынушыларына сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін ұсыну жөніндегі табиғи монополиялардың субъектісі болып табылады. Іс-шараларды іске асыру нәтижесінде көптеген бұрын проблемалы учаскелер бойынша ұсынылатын сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің сапасы айтарлықтай жақсарды. Күрделі жұмыстарды жүргізу, желілер мен құрылыстарды реконструкциялау және жаңғырту магистральдық желілердегі шығындардың азаюына әкелді. Жыл өткен сайын «Қарағанды Су» ЖШС көрсетін қызметтердің сапасына тұтынушылардың шағымдарының саны азаюда. Халықтың шағымдары санының азаюы қызмет көрсету сапасының артқанын, жағдай жақсарып келе жатқанын көрсетеді. Кәсіпорын жұмысының мақсаты – кәсіпорынның даму қарқынын арттыру және тұтынушылардың біздің жұмысымызға шағымдануына себеп болмайтын-дай етіп жұмыс істеу.

– Әсерлі әңгімеңізге алғыс айтамын. – Сізге де таудай рахмет!

Сұхбаттасқан
Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет
автордың жеке мұрағатынан

• КӨКЕЙТЕСТІ

Цифрлық қауіпсіздік: жеке деректерді қалай қорғауға болады?

Цифрлық дәуірде дербес деректерді қорғау мәселесі бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Дербес дерек – адамның жеке басына, отбасына, кәсіби қызметіне қатысты ақпарат. Мұндай ақпаратты қорғау – адамдардың жеке өмірін, құқығы мен бостандығын қорғаудың негізі. Дербес деректерді қорғаудың мәні мен оның маңыздылығын және осы саладағы заңнамалық негізге көз жүгіртпін, зерделеп көрмекпіз. Сонымен, дербес деректерді қорғаудың мәні неде?

Дербес деректі қорғау – деректерді рұқсатсыз қолжетімділіктен, ұрлаудан, бұрмалаудан және заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған шара жиынтығы. Дербес дерекке аты-жөні, туған күні, мекенжайы, телефон нөмірі, электронды пошта мекенжайы, медициналық жазбалар, қаржылық ақпарат және басқа да жеке ақпарат жатады. Осының барлығы дұрыс қорғалмаса, жеке тұлғаға зиян келтіруі мүмкін, мысалы, жеке басына үлкен қауіп. Немесе алаяқтық жасау арқылы зиян тигізілуі мүмкін.

Енді, сөйкесінше жеке деректі қорғаудың маңыздылығына тоқталайық.

Дербес деректерді қорғау жеке өмірге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етеді. Дербес деректі қорғау азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Мәліметті рұқсатсыз пайдалану жеке тұлғаның құқығын шектеп, заңсыз әрекетке жол ашады.

Дербес деректі қорғау ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттырады. Егер дербес дерек дұрыс қорғалмаса, ол хакерлердің шабуылына ұшырап, құпия ақпарат сыртқа шығып кетуі мүмкін.

Көптеген елде дербес деректі қорғау бойынша арнайы заң қабылданған. Мысалы, Қазақстанда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заң 2013 жылы қабылданған. Бұл заң дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау актілерін реттейді және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Әр азамат жеке дерегіне мұқият болғаны абзал. Біріншіден, дербес деректі жинау тек заңды негізде және дербес деректер субъектісінің келісімімен жүзеге асырылуы тиіс.

Екіншіден, дербес дерек тек белгіленген мақсатқа сәйкес өңделуі керек. Деректі өңдеу барысында дербес деректің дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Үшіншіден, дербес дерек тек қажетті мерзімге сақталуы тиіс. Мерзімі өткен дерек жойылуы керек.

Дұрыс қорғалған дербес дерек адамдардың жеке өмірін, құқығы мен бостандығын қорғауға, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әрбір азамат дербес деректерін қорғаудың маңыздылығын түсінуі және осы сала-

дағы заңнаманы сақтауы тиіс.

Дербес дерек пен цифрлық құқық тығыз байланысты, себебі цифрлық құқық жеке тұлғаның интернеттегі және цифрлық кеңістіктегі ақпаратының қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуді қамтиды. Дербес деректі қорғау – цифрлық құқықтың маңызды аспектісінің бірі.

Әрі қарай мұны оқырмандарға қарапайым тілде түсіндіре кету артық болмас. Цифрлық құқық – адам баласына берілген құқық, тек интернет кеңістікте. Алайда, интернеттегі адам құқығына төнетін қауіптің ықтималдығы жоғары екенін біле бермейміз. Жалпы, цифрлық қауіпсіздікті сақтау үшін тәжірибенің қажеті жоқ, тек бірнеше қағидатты естен шығармай, оларды орындау жетіп жатыр.

Реті келгенде компьютерлік қауіпсіздікті төмендегідей бірнеше түрге немесе әрекетке бөліп қарастыруға болады:

1. Кез келген техникалық құрылғыңызға антивирустық бағдарлама міндетті түрде орнатыңыз және оны жаңартып отырыңыз. Пираттық бағдарламаны пайдаланбаңыз;

2. Кірістірілген қауіпсіздігі бар Firefox сияқты браузерді пайдалануды қарастырыңыз. Интернетке қосылу үшін шифрланған және қауіпсіз байланыс арналарын (VPN, HTTPS) пайдаланыңыз;

3. Қауіпсіздік құпия сөздерін үнемі жаңартып отырыңыз. Олар ұзағырақ, яғни 12 таңбадан (үлкен, кіші әріптен, сандардан) ойландырылған болсын;

Құпия сөздеріңізде сіз туралы жалпыға белгілі ақпарат болмағаны жөн. Өміріңіздегі қызықты оқиғалар, қуанышты сәтпен байланысы бар ассоциация арқылы жасалса, қауіпсіз болмақ. Қолдану мүмкіндігі бар барлық аккаунтта екі факторлы аутентификацияны қосыңыз. Бұл қауіпсіздікті арттырады;

4. Компьютердегі құпия файлды қорғау үшін олардың көшірмесі болсын және файлдың атауы мазмұнынан бөлек, шифрланған болсын. Оны да құлыптап қоюға болады;

5. Мобильдік қауіпсіздікке қатысты қазіргі телефонның «прослушкаға» төзімді екенін біле жүріңіз. Бұрынғыда телефонның тыңдалып жатқанын тырсылдаған дыбыстан бірден аңғаруға болатынын айтты. SMS, дауыстық қоны-



рау да жазылып алынады екен. Барған жерімізде Wi-Fi-ға жабыса кететініміз бар, ол да қауіпті. Өйткені, сіз өзіңіз жайлы сол жерде біраз ақпарат қалдырасыз.

Телефоныңызды ешқашан ешкімге ұстатпаңыз. Әсіресе, QR арқылы немесе онлайн төлем жасау үшін (интернет байланысы төмен болып тұр деп), дүкенші, даяшы, банк қызметкерінің қолына ұста-тып жібермеңіз!

Геолокацияны сөндіріп қойыңыз, әйтпесе, сіздің қайда жүргеніңізді (жалпы, болған жеріңізден цифрлық із қалады) тез анықтайды.

Неғұрлым қарапайым техниканы пайдалансаңыз, соғұрлым жаныңыз тыныш. Робот-шаңсорғыштың да сіз жайлы мәліметті көп «білетінін» есте сақтаңыз!

Робот-шаңсорғыш өзінің кейбір функциясы арқылы жеке деректерді жинай алады. Көптеген робот-шаңсорғыш үйдің жоспарын жасайтын картографиялық мүмкіндікке ие. Бұл деректер үйдің ішкі құрылымы туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, заманауи робот-шаңсорғыш Wi-Fi арқылы интернетке қосылады және смартфон қосымшасы арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Бұл деректерді өндіруші компанияның серверіне жіберу қауіпін туғызады.

Ол үшін Wi-Fi желісін қорғау мақсатында қауіпсіз Wi-Fi желісін қолданып, күрделі құпия сөз орнатыңыз, құрылғының бағдарламалық жасақтамасын үнемі жаңартып отырыңыз. Оны қолданбайтын кезде интернеттен ажыратып отырыңыз.

Осы шаралар жеке деректеріңізді қорғауға көмектеседі және робот-шаң-

сорғышты пайдалану қауіпсіздігін арттырады.

«Алиса» дауыстық көмекшісін пайдалану да қауіпті екенін есте ұстаңыз. «Алиса» – Яндекс компаниясының жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін виртуалды көмекшісі.

Алиса пайдаланушылардың дауыстық командасын және кейбір әрекетін жинап, өңдейді. Бұл деректер көмекшінің қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін пайдаланылады. Бірақ, бұл деректің жиналуы жеке өмірге араласу деп санауға болады.

Ақпараттық қауіпсіздікті сақтау біздің цифрлық әлемдегі маңызды міндетіміз. Технология дамыған сайын, жеке дерегімізді қорғау әдісін де жаңартып, жетілдіріп отыруымыз қажет.

Жеке деректерді қорғау – бүгінгінің ең өзекті тақырыбының бірі. Айта кетейік, бұл мәселені елімізде IWPR және «Еркіндік Қанаты» қоғамдық қоры жан-жақты зерттеп жүр.

Өзімізді және жақындарымызды қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдауға тиіспіз. Қауіпсіздікке көңіл болу арқылы ғана біз жеке өмірімізді және құпиялылығымызды сақтай аламыз.

Жанар РАМАЗАНОВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика
кафедрасының меңгерушісі,
Марал АЙТМАҒАНБЕТОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, медиасарапшы

• МӘСЕЛЕ

«Malahit» мандытпай тұр

Ата-аналар баланы балабақшаға қабылдауға өтініш берерде «Indigo» жүйесін пайдаланады. Ал, ерекше білім беруді қажет ететін баланы тиісті балабақшаларға қабылдау үшін «Malahit» жүйесі қажет. Жакында бұл жүйеде Қарағанды облысы бөлімі жойылып, ата-аналар дабыл қағып отыр. Өйткені, өтініш беру мүмкін болмай қалды.

Теміртау қаласының тұрғыны үш жастағы ұлын ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған балабақшаға өтініш бермек болғанда осы мәселеге тап болған. Енді екі аптадан бері жолдаманы қайта ала алмай отыр.

– «Malahit» жүйесі мені шығарып тастай береді. Балабақшамызға да хабарластым, олар маған қайта тапсыруға кеңес берді. Одан да еш нәтиже болмады. Теміртау қалалық білім бөліміне, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға да бардым. Ол жерден қажетті анықтамаларды алдым. Қызметкерлер шамасы келгенше көмектесті. Облыстық білім басқармасына телефон соғып, қажетті телефон нөмірлерін алдым. Десе де, олар берген нөмірлер жауап бермеді, – дейді атын атамауды өтінген теміртаулық тұрғын.

Ал, облыстық білім басқармасы қазіргі уақытта «Malahit» жүйесінде техникалық ақаулар бар екенін, ақауды 29 шілдеге дейін жоятындарын айтып отыр. Айтуларына, жүйе бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Басқарма өкілдері «Malahit» жүйесінің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тиісті балабақшаларға орналастыруға өтініш беруге арналған жеке бағдарлама екенін айтады.

«Жоба «Indigo» бағдарламасымен өзара байланысты. Қарағанды облысында биыл екі қала – Қарағанды мен Шахтинск балабақшалар үшін «Бір кезек» бағдарламасына қошты. Қошу кезінде техникалық мәселелер туындап, «Indigo» жүйесіне қайта оралу туралы шешім қабылданды. «Indigo» қайтадан дұрыс жұмыс істей бастаса, «Malahit» те бір қалыпқа түседі. Жұмысы 29 шілдеде қайта жанданды деп күтілуде. Балалардың барлық деректері сақталды. Қазір мамандар қолда бар ақпаратты жоғалту үшін жұмыс істеп жатыр», – деп түсіндірді басқарма мамандары.

Өз тілшімізден



• ТАНЫМ

Алтын Орда

Шыңғыс хан империясы – Шыңғыс хан (Темучин, 16.04.1162 – 25.08.1227 жж.) құрған мемлекет. 1189-1206 жылдар аралығында болған қиян-кескі соғыстардан кейін өзінің негізгі жауларын (Меркіт тайпасының көсемі Тоқтыбектен бастап, Найман тайпасының басшысы Таян (Даян) ханға дейін) талқандаған Шыңғыс хан Алтайдан Қытай қорғанына дейінгі аймақта біртұтас мемлекет құрып, оны кеңейте бастады.

1207-1208 жылғы қыста Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы бастаған моңғол әскері оңтүстік Сібірдегі «орман халықтарын», ойраттарды, буряттарды, якуттарды бағындырды. Енисейдегі қырғыздардың билеушісі Арыс Айнал Алдиярұлы бек ақ сұңқар, ақ тұлпар, кара бұлғын ішік тарту етіп, Жошыға соғыспай бағынды («Моңғолдың құпия шежіресі», 239-тарau). 1207-1209 жылдары Шыңғыс хан бастаған моңғол әскері Таңғұт (Си Ся, Солтүстік-Батыс Қытай) хандығын жаулап алды. Бұл көшпенділер мен отырықшылар арасында болған бірінші соғыс болды. Шығыс Түркістандағы ұйғыр Идиқұты Барчұқ өз еркімен Шыңғыс хандығына бағынып, боданға айналды. 1211 жылы Шыңғыс хан ұлдары – Жошы, Шағатай, Үгедей және Төле көп әскер ертіп, жорыққа шықты. Гоби шөлінен өткен моңғолдар Цзин (Алтын) еліне, солтүстік Қытайға қарай жылжыды. 1215 жылы олар сол кезде Цзин әулетінің астанасы болып тұрған Ханбалықты (Бейжіңді) басып алды (Н.Мыңжан, «Қазақтың қысқаша тарихы», Алматы, 1994 ж., 194-бет). Алайда, бұл жорық соңына дейін жеткізілмеді. Тәжірибелі қолбасшы Жалайыр Мұқылай әмір бастаған алпыс мыңдық әскерді Қытайға қалдырып, Шыңғыс хан 1216 жылы Қарақорымға қайтып оралып, Орта Азияға жорық жасауға дайындала бастады.

1218 жылы Шыңғыс хан жиырма мың әскерін Жетісуға аттандырды. Жебе ноян басқарған әскер найман ханы Күшілікті өлтіріп, Іле, Жетісу аймағын билеп тұрған қарақытайлар мемлекетін бағындырды. 1218 жылы Отырарда моңғол саудагерлерінің өлтірілуі Шыңғыс ханның Орта Азияға қарсы жоспарланған жорығын жылдамдата түсті. Бұл кезде Шыңғыс ханның алтын шаыры Ертіс өзенінің басында болатын. 1219 жылы қыркүйекте жүз елу мың қол Жетісуды басып өтіп, Орта Азияға кірді. Бұл жорық бес жылға созылып, Сырдария, Әмудария бойы, Моуреннахр өлкесі, Дешті Қыпшақ моңғолдардың билігіне өтті. Ұланғайыр жерді жаулап алған Шыңғыс хан көзінің тірлігінде осы иелігін 1223 жылы Сайрам мен Талас аралығындағы Құләнбасы жазығында өткен құрылтайда бәйбішесі, қоңырат тайпасының қызы Бөртеден туған 4 ұлына бөліп берді. («Айбын», Алматы, 2011 ж., 348-б.). Үлкен ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жер, одан әрі батысқа қарай «Моңғол атының тұяғы жеткен жерлерде дейінгі аймақтар», Оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Әмударияның төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдария өңірі де Жошы билігіне берілді. Бұл жерлер «Жошы ұлысы» деп аталды. Жошының ордасы Ертіс алқабында болды. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың үлесіне Кашқария, Жетісу, Моуреннахр тиді. Оның ордасы Іле алқабында орналасты. Үшінші ұлы Үгедейге Батыс Моңғолия мен Тарбағатай аймағы берілді.

Оның ордасы қазіргі Шуәшешек қаласының маңайында болды. Кенже ұлы Төле әкесінің қара шаңырағы Моңғолияны мұраға алды.

Сонымен, Қазақстан жері моңғолдың ұлы ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының, оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысының, Жетісудың Солтүстік-Шығыс бөлігі – Үгедей ұлысының құрамына кірді. (Б.Жұмақаева, Қазақстан тарихы, Алматы, 2010 ж., 74-б.). Жошы ұлысының негізін бұрын Дешті Қыпшаққа кірген бірінші түркітілдес тайпалар құрап, алғашында Алтын Орда хандығына, кейін одан бөлінген Ақ Орда хандығына қарады. Ежелден бері Іле алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген үйсін, дулат, тағы басқа тайпалар Шағатай хандығына қарады. Шағатай хандығы ыдыраған соң одан бөлінген Моғолстанға бағынды. Бұл ұлыстардың барлығы Қарақорымдағы ұлы хан Шыңғыс ханға бағынатын болды. Шыңғыс хан батысқа қарайғы жерлерді басып алуды Жошыға тапсырып, өзі 1225 жылы Моңғолияға қайтып оралды. Жошы – Алтын Орданың негізін салушы, Қазақ хандарының арғы ата-асы. Жошы жас кезінен аса көрнекті әскери қолбасшы ретінде көзге түсіп, Шыңғыс хан әскерлерінің жорықтарына белсене араласады. Жошы өмірінде 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалдарын бағындырды.

Жошы ұлысы қазақ халқының тарихында үлкен маңызға ие. Себебі, дәл осы территорияда қазақ мемлекетінің іргетасы қаланып, дамыды. («Қазақ халқының тарихи тұлғалары», Алматы, 2013 ж., 2-кітап, 8-бет).

Шыңғыс хан батысқа жасаған жойқын жорығын моңғолдардың осы өлкелерге жаппай қоныс аударуы деп ұғуға болмайды. Моңғолдардың негізгі халқының ата-мекені Моңғолияда болды. Соғыс жорығына қатысқан қалың қолы 150 мыңнан аса



Коллекция аласаған М.Өмірбаев

салт атты әскер болғанымен, оның басым бөлігі жергілікті түркітілдес тайпалардан қосылғандар еді. Моңғолиядан батысқа қоныс аударған Жошы мен Шағатайдың қарамағындағы моңғолдар саны да шамалы болатын: Шыңғыс хан Жошыға тоғыз мың үй, Шағатайға сегіз мың үй, Үгедейге төрт мың үй берген (Қазақтың қысқаша тарихы, 200-б.). Бұлар Орта Азия мен Қазақ жеріндегі өзі жаулап алған түркітілдес халықтардың тілі мен мәдениетін, дінін қалдырып, сіңісіп кетті.

1227 жылы 25 тамызда Шыңғыс хан жорық жолында ауырып қайтыс болды. Жошы әкесінен алты ай бұрын қазаға ұшырады. Жошының мұрагері оның екінші ұлы Бату (Батыс) болды. Шыңғыс хан басқа немерелерінен Батуды ерекше көріп, Жошының мұрагері деп шешкен еді.

Тақ мұрагері Батуға оның ағалары мен бүкіл халық бас иді. Ол 1229 жылы Үгедейді Моңғол империясының ұлы ханы сайлаған Қарақорымдағы құрылтайға қатысты. Ал, 1235 жылы болған бүкілмоңғолдық құрылтайда Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасау туралы шешім қабылданып, Бату бірқатар моңғол әскерлеріне әскербасы болып бекітілді. Жорыққа Батудан басқа Шыңғыс хан әулетінен Үгедейдің ұлы Күйік, Төленің ұлы Мөңке, Шағатайдың ұлы Байдар және Батудың өз бауырлары Орда Ежен, Тоқа Темір, Шыңғыс ханның әйгілі қолбасшыларының бірі Сүбедей, тағы басқалары қатысты. Жүз елу мыңға жуық адамнан тұратын әскер жорыққа Батыс Алтай өңірінде 1236 жылы көктемде аттанып, маусым айында Еділ бұлғарларының жеріне жетті. Бату қолы Орта Азия қыпшақтарының қарсылығын жойған соң, Мәскеу (1238), Киев (1240), Краков (1241), Бреслау (1241), Будапешт (1241) қалаларын алып, Орта Еуропа, Тракия өңірін, Аустрия, Чехия, Словакияны бағындырып, 1243 жылы Еділ сағасына қайта оралды. («Айбын», Алматы, 2011 ж., 68-б.). Дәл осы жерде ол кейін ұзақ өмір сүрген жаңа моңғол мемлекетін құрды. Бұл мемлекетті қорғау үшін мұсылман авторлары бірнеше атауды қолданды: Жошы ұлысы, Қыпшақ мемлекеті, Берке елі, Солтүстік хандық, тағы басқасы. Ал, зерттеу әдебиеттерінде ол Алтын Орда деген атпен белгілі. И.Тимофеев ол жөнінде: «Хорезм және Еділдің төменгі жағынан бастап, Днепрге дейінгі байтақ далада көшіп-қонып жүрген көшпенділерден тұратын Жошы ұлысы – Алтын Орда Русьтің мойнына байланған ауыр тастай еді» – деп жазады (И.Тимофеев, «Ибн Баттута», Мәскеу, 1983 ж., 164-б.).

Алтын Ордаға кең байтақ жер енді. Оның шегі батыста – Днепрге, шығыста – Ертіске, оңтүстікте – Солтүстік Кавказға, солтүстікте – Батыс Сібір ойпатына дейін жетті. Оңтүстік-Шығыста солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төменгі жағындағы жерлер енді. Бату әскерлерінен талқандалған орыс князьдықтары Алтын Орданың вассалдарына айналды. Олар Алтын Ордаға тәуелді болып, оның хандарынан князьдықты басқаруға жарлық алғанына, төлем төлегеніне қарамастан, аз-маз бостандықтарын сақтады («Қазақтар», I том, Алматы, 2003 ж., 53-б.).

Алтын Орда экономикалық және әскери күш-қуаты толысып, мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII-XIV ғғ.) жер көлемі 10 млн. шаршы шақырымнан асты. Бұл держава шығысынан батысына дейінгі аралығы шамамен 6160 шақырым, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі аралығы 4400 шақырым өлкені қамтыды.

Бату хан тұсында (1227-1255 жж.) мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай Бату қаласы (қазіргі Астрахань маңында (1243 ж.), кейін Сарай Беркеге (Еділ бой-

«Биыл Жошы ұлысының негізін қаланғанына 800 жыл толды! Мұның зор символдық мәні бар... Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттік дәстүрінде айрықша орын алады. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астырай жатады. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуға тиіс!»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ымен Сарай Батудан жоғарырақ) көшірілді. Өзбек ханның (1312-1342 жж.) тұсында Сарай Беркеде болған араб оқымыстысы Ибн Баттута бұл жөнінде: «Сарай қаласы – жазыққа орналасқан, аса үлкен аумақты алып жатқан, көшелері кең, базарлары әдемі, халқы мол, таңғажайып қалалардың бірі. Онда діни қызметке негізделген отыз екі ірі мешіт бар, ал ұсақ-түйек мешіттер қисапсыз көп» деп жазады (И.Тимофеев, «Ибн Баттута», 1983 ж., 188-б.).

Берке хан билік еткен кезеңде (1255-1266 жж.) Алтын Орданың билік басындағы әкуйектері арасында ислам діні тарай бастады. Ал, 1312 жылы Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Қазақтың «Өзбектен дін қалды» деген макалы осыдан шыққан (Ш.Құдайбердіұлы, «Қазақ шежіресі», 1991 ж.).

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы әскери негізде болды. Алтын Орданы билеуші хан ондағы барлық қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Мемлекет билігінің белді ұйымы – әскери феодал шонжарлар мен алпауыт бектердің құрылтайы болды. Шешуші кезеңдерде осы құрылтайлар ашылып, мемлекет тағдырына қатысты, маңызды саяси әскери мәселелерді ақылдасып, шешіп отырды.

Алтын Орданың қарулы күштері оң қол, сол қол деп екі қанатқа бөлінді. Бату хан қарулы күштердің оң қанатын тікелей өзі басқарды да, сол қанатын ағасы Орда Еженнің басқаруына берді. Қарулы күштердің әр қанаты: түмендік, мыңдық, жүздік, ондықтарға бөлінді, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасылар басқарды. Қарулы күштердің жоғары қолбасшылық міндеттерін хан тұқымынан шыққан ханзадлар, әскери феодалдар, нояндар атқарды. Олар өз қол астындағы әскерді басқарумен қатар, сол әскер алынған ру-тайпаларды да биледі. Әскери істі бектербегі, ал, азаматтық істерді уәзір басқарды. Даруғалар салық жинаумен айналысса, басқақтар жергілікті халықты әскери бақылауға алды.

Сол қанат құрамына Қазақстан территориясының үлкен бөлігі кірді. Жоғарыда айтып отырғандай, бұл қанатты Орда Ежен ұрпақтары биледі. Әйтсе де, Бату ұрпақтарына ештеңе вассал болған Орда Ежен ұрпағы кейін өз мемлекеттерін тәуелсіздікке жеткізді. («Қазақтар», I том, 54-б.).

Алтын Орданың орталық аймағы – Еділ бойы (қазіргі Саратовтан Астраханға дейін), астанасы – Сарай Берке (немесе Сарай әл-Жәдид), негізгі әскери-феодалдық күші – қыпшақ тайпалары болды. Алтын Орда Бату (1227-1255), Берке (1255-1266), Мөңке Темір (1266-1280), Туда Мөңке (1280-1287), Төле Бұқа (1287-1291), Токты (1291-1312), Өзбек (1312-1342), Жәнібек (1342-1357) тұсында кемеліне келіп, мейлінше күшейді. Егер Жошы мен Бату Моңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Мөңке Темір кезінде империядан бөлініп, дербестікке көп жеткізеді. Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық өркендеді, әртүрлі кәсіпшілік пен қолөнер дамыды (Қазақ ССР. Энциклопедиялық анықтама, Алматы, 1980 ж., 168-б.).

Найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен шаңырақ көтерген Алтын Орданың халқы мейлінше әртекті болды. Олар ислам, христиан және тәңірлік дінді ұстанып, ұйғыр жазуын пайдаланды. Жазу тілі негізінен түркі тілінде (шағатай) жүргізілді. Алтын Орданың астанасы Берке сарайында, Бату сарайында, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты қалаларда ғылым, қолөнер және әдебиет айтарлықтай дамыды. Ғалымдар ілгеріде өткен Фараби, Ибн

Сина, Бируни, Сығанаки, Йассауи, Бақырғани сияқты ғұламалардың асыл мұрасына ден қойып, олардың ілімін ілгері дамытса, ақын-жазушылардың ең көрнектілері – Рабғузи «Қисас-ул-Әнбия», Сағди «Бустан», Сейдахмет «Таһшухнама», «Сал-нама», Хусам Қатиб «Жұм-жұма» сияқты әдеби мұраларын дүниеге әкелді. (А.Сейдімбек, Шығармалары, II том, 35-б.). 1233 жылы Алтын Орда ақыны Әли «Қиса Жүсіп» дастанын жазды. 1303 жылы қыпшақ тіл сөздігі және әдеби мұра «Кодекс куманикум» жазылды. 1341-1342 жылдары қыпшақ ақыны Құтбтың «Хұсрау-Шырың» дастаны дүниеге келді. 1357 жылы Махмұт Әлиұлы Кердері өзінің прозалық көркем әдеби «Наһж улфарадис» кітабын жазды. 1359 жылы Ахмет Хорезмидің лирикалық махаббат дастаны «Махаббатнама» жарыққа шықты. 1391 жылы Алтын Орданың әйгілі қыпшақ ақыны Сайф Сарай кесек туынды – «Гүлстан бит турки» еңбегін жазды. 1409 жылы Дурбек ақын «Жүсіп-Зылиха» дастанын қырыққа тарта батырдың ерлігі жырланған отызға жуық дастаннан тұратын эпосы – «Қырық батыр жыры» осы Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардан басталған. Бұл эпоста жырланған басты кейіпкерлердің көпшілігі – Алтын Орда өмір сүрген тарихи тұлғалар. Мы-салы, «Орақ-Мамай» дастанындағы бас кейіпкерлер – Орақ пен Мамай Алтын Орданың әйгілі қолбасшылары. Мамай 1361 жылдан соң Алтын Орданы билеген (Қазақ әдебиеті. Энциклопедия, Алматы, 1999 ж., 53-б.).

Алтын Орда халқы этникалық жағынан бірқелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазар мен алан ұрпақтары мен хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркітілдес қыпшақ, арғын, қоңырат, керей, уақ, қанды, найман сияқты тайпалар мекендеді. Алтын Орданың мемлекеттігін әлсіретіп, ақыр аяғында ыдырауға соқтырған себептер бірнешеуі. Бірінші – этникалық әртектіліктен туған сепарациялық ұмтылыстар, екінші – ақуыякер арасындағы билікке талас, үшінші – сырт күштің бел алуы (А.Сейдімбек, Шығармалары, II том, 35-б.). Осының бәрі Алтын Орданы бірте-бірте әлсіретті. XV ғасырдың I жартысында одан Еділ бұлғарлары, Қазан мен Қырым бөлініп шықты, Хорезм Темір мемлекетіне тәуелді болды. 1480 жылы орыс князьдықтары Орданың тәуелсіздік алды (Қазақ ССР. Энциклопедиялық анықтама, 160-б.).

1502 жылы соңғы билеуші Шейһ Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428-1792), Қазан (1437-1556), Ноғай (1466-1557), Сібір (1563-1656), Башқұрт (1656-1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (1456-1457) қалыптасты.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ, тарихшы

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Қос дипломды білім – келешек бастауы

Е.Бөкетов университеті – Қазақстанның ірі көпбейінді университеттерінің бірі және қазіргі уақытта 12 факультетте 14 мыңға жуық студент, магистрант пен PhD докторанты білім алады. Қарағанды зерттеу университеті бакалавриаттың, магистратураның және PhD докторантураның 140-тан астам білім беру бағдарламасы бойынша оқытады.

Университет құндылықтарды сақтау, білімді тарату, үздік білім беру тәжірибелері мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізген.

Әлемдік білім рейтингіне ену – жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тауелсіз агенттіктің (IQAA) рейтингінің 2023 жылғы қорытындысы бойынша Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары арасында 3-орынды иеленді. 2022-2023 оқу жылында Қытай, Орталық Азия университеттерімен 8 халықаралық жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ, Қарағанды зерттеу университеті Қазақстан университеттерімен және жақын және алыс шетел университеттерімен кадрларды бірлесіп даярлауды жүзеге асырады. Дайындық бірлескен 5 білім беру бағдарламасын, оның ішінде 2 қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру қолға алынды.

Бірлескен білім беру бағдарламасы – бұл екі немесе одан да көп жоғары оқу орындары бірлесіп әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламасы. Бұл ретте оқу модульдерінің бір бөлігін серіктес ЖОО оқытушылары оқытады. Бірлескен білім беру бағдарламасы серіктес университеттен негізгі дәреже (диплом) және қосымша сертификат (диплом) немесе уағдаластық негізінде бір бірлескен диплом алуы көзделді.

Қос дипломдық бағдарламалар – серіктес жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және синхрондауға негізделген және тараптардың бағдарламалық мақсаттары мен мазмұнын анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталады. Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және екі транскрипт беріледі.

Университетімізде бірнеше факультеттерде осы қос дипломдық білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Атап айтатын болсақ, шетел тілдер факультетінде ағылшын тілінде оқытылатын «Шетелдік білім алушыларына арналған орыс тілі» және «Шет тілі және мәдениаралық коммуникация» инновациялық бағдарламалары бар.

Университетте шығыс және кіріс академиялық ұтқырлық бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. Ол студенттер мен оқытушыларға арналған. Бұл бағдарлама біздің студенттерге бір академиялық кезең ішінде басқа университетте (отандық немесе шетелдік) білім алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте барлық игерілген кредиттер мен алынған бағалар міндетті түрде қайта есептеледі. Шетел азаматтары біздің университетте кіріс ұтқырлығы бағдарламасы бойынша оқи алады.

Қарағанды зерттеу университеті, сонымен қатар, «Серпін» бағдарламасы бойынша оқитын студенттерді қабылдайтын ірі жоғары оқу орындарының бірі. Бүгінде 2 мыңнан астам студент «Серпін» бағдарламасы бойынша білім ауда. Өткен жылы оңтүстіктен келген 900-ға жуық студент Бөкетов университетін таңдаған.

Қос дипломды оқыту бағдарламасын жүзеге асыру барысында екі университеттің студенттері, оқытушылары, зерттеушілері арасында бірегей халықаралық қарым-қатынас орнайды. Олар ортақ академиялық құндылықтармен бөлісетін пікірлес адамдар қауымдастығын құрайды. Бұл, ең алдымен, үздік университеттер дәстүрлеріне тән академиялық мәдениетті, идея мен пікірді еркін білдіретін алаң.

Атап айтқанда, оқытушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің үлгісін студенттер көреді және ғылыми семинарлар мен тақырыптық топтардың жұмысы барысында, дипломдық жұмыстарды жазу кезінде бірлесіп қарым-қатынас жасау және оған тікелей қатысудың барлық мүмкіндіктері бар. Қос диплом алу үшін екі рет диссертация қорғап қажеті жоқ, бағдарламалар үйлесімді болғандықтан студенттер бір ғана диссертация қорғайды.

Бақыт БЕЙСЕНБАЕВА,
Е.Бөкетов Қарағанды зерттеу университетінің шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Жол – тұрмыстың таразысы

Быттырдан бері Бұқар жырау ауданының ауылдары ішіндегі және оларға кірме жолдар жөнделуде. Мәселен, өткен жылдың мамыр айында Тоғызқұдық ауылындағы 8,7 шақырым жолдың орташа жөндеуін мойнына алған мердігер «РАЙС КЗ» ЖШС оны алдағы қыркүйек айында аяқтағалы отыр.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған серіктестік тағы да Керней ауылындағы 6,1 шақырым жолдың және «Сарқан» ЖШС Ботақара кентінің 2,5 және Шешенқара ауылының 4,3 шақырым жолдарының жөндеуін жуық арада бітірмек ниетте.

– Биыл аудан бойынша «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде 1838550 мың теңгеге 12 ауылдың 47,7 шақырым жолына жөндеу жүргізу жоспарланған, – дейді Бұқар жырау ауданы коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Миржан Аймақов. – Бұл жұмыстардың мердігерлері анықталып, қазір ол кестеге сай атқарылууда.

Атап айтқанда, Жаңақала, Қарақұдық, Сарытөбе, Тұзды ауылдары ішкі жолдарының жөндеуіне жоғарыдағы «РАЙС КЗ» ЖШС, Сарыарқа ауылында «Нарек 717 Строй» ЖШС кірісіп, бүгінге дейін біраз шаруаны тындырып тастапты. Соның ішінде, Қаражар ауылындағы 3,14 шақырым жолдың бетіне асфальт төсеу тәмамдалуға жақын.

Сонымен бірге, «Аудандық маңызы бар және елді мекендер көшелері жолдарын күрделі жөндеудің» 045 бюджеттік бағдарламасы аясында бірнеше ауылға кірме жолдардың белгіленген 6,5 шақырым жұмыс бағытына 358264 мың теңге бөлінген. Сол бойынша Төртқол ауылының – 1,5, Геология бөлімінің – 1,5, Новостройка ауылының – 0,8, Нұра станциясындағы Ғ.Мұстафин мектебінің – 1,2 шақырым, Доскей ауылы мектебінің 1,5 шақырым кірме жолдарын жөндеу үшін қазір конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Ендігі кезекте Үштөбе ауылындағы құрылысы бітуге таяу жайлы мектепке баратын автомобиль жолын салуға рейтингтік-бал-



дық жүйені пайдалана отырып, жергілікті бюджеттен бөлінетін 228812,5 мың теңге сомасына конкурс жарияланған.

Сөйтіп, ауылының ішкі және кірме жолдары тактайдай болса, тұрғындардың да көңілі жай тауып, жол азабын кешпесі анық...

Бұқар жырау ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардан

Балаларға үр жаңа балабақша

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балдырғандарды мектепке дейінгі білім беру ұйымымен қамту деңгейін 100 пайызға жеткізу қажеттігін тапсырды. Осыған орай қазір мемлекет пен жекеменшік әріптестік аясында балабақшалар ашылуда. Яғни, кәсіпкерлер мемлекет жасаған мүмкіндікті жібермей, мемлекет бағдарламасын жандандыруға ден қоюда. Жуырда Шет ауданы Ақадыр кентінде мемлекеттік тапсырыс аясында 50 орындықты «Муслима» балабақшасы ел игілігіне берілді.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақадыр кентінде бірнеше балабақша болса да, бақшаға сұраныс жоғары. Осы бір мәселені

шешу үшін жергілікті кәсіпкер Мадияр Аханов ауданы 300 шаршы метрлік ғимаратты сатып алып, жөндеу жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде, 50 бұддір-

шін балабақшамен қамтылып отыр. Балалар мен ата-аналарды қуанышка бөлеген салтанатты шараға аудан әкімі Мұхит Мұхтаров арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.

Ғимарат толық күрделі жөндеуден өткен. Бөлмелері кең, жылы әрі жарық, жеке жуынатын және ойын бөлмесі бар. Әрі ұйықтайтын бөлмесі де қажетті дүниелермен жабдықталған. Болашақ ұрпақтың тәрбиесі алдымен балабақшадан басталады. Сондықтан, жеке кәсіпкердің ауыл балдырғандарын қолдаудағы бұл қадамы басқаға өнеге. Оның үстіне, балабақшаның ашылуымен жергілікті тұрғындар жаңа жұмыспен қамтылды. Бұл туралы аудан басшысы құттықтау сөзінде жеткізді.

– Кенттегі мектепке дейінгі мекемелердің қажеттілігін көріп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша 50 орындықты шағын балабақша ашуды ұйғардық. Ғимарат жөндеуі, қоршалды. Барлық санитарлық нормаға сәйкес. Бір жастан бес жасқа дейінгі балалар қабылданады. Балаларға барлық жағдай жасалған. Қазір «Алақай» және «Балақай» тобы бар. Бірақ, 12 қызметкер жетіспейді. Оның ішінде тәрбие-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

ші, күтуші, аспаздар, медбике мен басқа да мамандар қажет, – деді Мадияр Аханов.

Аналар кеңесінің төрағасы және аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі Гүлшара Ахметова – аудандағы алғашқы жекеменшік балабақшаның негізін қалаушылардың бірі. Кентте төрт балабақша болса да, қажеттіліктің барын айтады.

– Ақадырда балабақша ашу – тұрғындар үшін жақсы жаңалық. Кентте мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшы еді. Енді осы жаңа бақша қажеттіліктің орнын толтыратыны сөзсіз. Жаңа бақшада балаларға барлық жағдай жасалған, – деді ол.

Айта кетейік, бұған дейін Шет ауданының С.Сейфуллин атындағы кентінде және Өспен ауылында мемлекеттік тапсырыс аясында 40 және 50 орындықты балабақша ашылған еді.

Шет ауданы

Сурет облыс әкімінің сайтынан

АКЦИЯ

Түбіртекке де жүлде бар

Приозерск қаласында «Түбіртекті талап ет, патриот бол!» акциясының жеңімпаздары анықталды. Бір ай көлемінде дүкендерден сатып алған өнімі үшін түбіртек талап еткен қала тұрғыны марапатталды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ереже бойынша тұрғындар қаладағы сауда орындарында қандай да бір тауар сатып алу кезінде түбіртекті талап ету шарт болған. Бұл жолы бір ай ішінде ең көп түбіртек жинап үлгерген және ең көп сомасы бар түбіртегі бар Айгүл Алтаева жеңімпаз атанды.

– Акция ережесі оңай. Кез келген дүкенде сатып алған тауар үшін түбіртек талап етесіз, кейін осы түбіртекті арнайы комиссияға ұсынасыз. Көбінде техника құрылғыларын сатып алғанда чек талап еткенмін. Аталмыш шара қарапайым халықтың салықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өтіп жатыр. Себебі, сатып алынған әрбір тауардың түбіртегі оның сапасына кепіл болып, саудагерлер жұмысына бақылау жүргізе алады, – дейді жеңімпаз Айгүл Алтаева.

Айта кетейік, акцияға қала тұрғындарының қызығушылығы күн санап өсуде. Осыған орай сыйлықтардың құны да әр ұтыс сайын ұлғая түспекші.

ПРИОЗЕРСК

Сурет ұйымдастырушылардан



Еске алу

Егіндібулак ауданы Бастал ауылының тумасы, еліне елеулі, халқына қалаулы ардақты азаматы болған асқартаудай әкеміз отбасымыздың алтын діңгегі Құлжанбек Смажанұлы ЕГЕШОВТІң фәни дүниеден бақилық болғанына 47 жыл болды.



Максим Горький қаласының тумасы, 12 баланы дүниеге әкелген аяулы анамыз **Максима Іңкарбекқызы МУСИНАНЫҢ** фәни дүниеден бақилық болғанына 50 жыл болды.

Үйдің үлкені ағамыз **Беркін ҚҰЛЖАНБЕКҰЛЫНЫҢ** бақилық болғанына 4 жыл болды. Артында жары, алты баласы қалды.



Зымыраған уақыт тоқтамай, алға жүйткіп жүре береді. Кеше ғана арамызда жүрген әкеміздің, анамыздың, ағамыздың бейнесі есіміден кетпейді.

Дүниеге келеді адам, кетеді адам, Кімге қоныс болмаған дүние жалған. Алланың, бұйрығына лауа бар ма?, Өзі берген өмірін өзі алған.

Еске алушылар: балалары

Марқұмдардың асы 8 тамыз 2024жыл Қарағанды қаласы Кеншілер даңғылы 10, «ӘНЕТ БАБА» мешітінде сағат 18:00-де беріледі. Асқа ағайын-туысы, бауырлар, құда-зәкежат, ауылдастар, көршілер, дос-жарандар және әкеміздің көзін көрген барша жаманатты шақырамыз.

№271

«Даналар сөзі – ақылдың көзі» атты облыстық шешендік өнер байқауының ЕРЕЖЕСІ

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2024 жылдың 20 қыркүйегінде сөз өнерін қадірлей білетін жастар арасында «Даналар сөзі – ақылдың көзі» атты шешендік өнер байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту;
- тіл мәдениетін арттыру;
- қазақтың би-шешендері мен жырауларының шешендік сөздерін насихаттау;
- шешендік өнер шеберлеріне қолдау көрсету.

Байқау шарттары:

Байқауға облыстың 18 жастан 35 жасқа дейінгі тұрғындары қатыса алады.

Байқау 3 кезеңнен тұрады:

1. «Ойтамьық». Көпшілікке танымал болған Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды шешендердің қанатты сөздерін тілге тиек ете отырып, бүгінгі заманмен байланыстырып, ой қорытындысын жасау. Мысалы: Әйтеке би: «Сөз қуған пәлеге жолығады; Жол қуған олжаға жолығады» деген екен дей отырып, «бүгінгі заманда да ...» деп ойды жалғастыруға болады.

Үміткерлер экрандағы ұяшық арқылы берілген сұрақты таңдайды. Тапсырманы орындауға екі минуттан уақыт беріледі.

2. «Ділмар». Жиренше, Төле би, Сырым, Жанғұтты, Саққұлақ және т.б. би-шешендеріміздің өзара сөз қағысуынан нақты үзінділер айту. Тапсырманы орындауға бір жарым минуттан уақыт беріледі.

3. «Жөкпар». Белгілі бір тақырыпта жан-жақты ой қозғау.

Үміткер ортаға шығып, экрандағы ұяшық арқылы тақырып таңдап алады. Мәселен, «Ұлттық құндылықты ұлықтайық» тақырыбы таңдалды делік. Осы тақырыпта ой қозғайды. Тапсырманы орындауға екі минуттан уақыт беріледі.

Үміткердің өнерін бағалауға қойылатын талап:

- сөйлеу шеберлігі;
- сөз қолданысы;
- ой жүйріктігі;
- ойдың жүйелілігі;
- сыртқы имиджі – ұлттық киім үлгісіне баса назар аударылады.

Арнайы бекітілген қазылар алқасы қатысушылардың өнеріне талдау жасайды және бағалау критерийі жүйесімен бағалайды.

Байқаудың жеңімпаздары дипломдар және ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Өзге қатысушыларға алғыс хаттар беріледі.

Бас жүлде (1) – 300 000 (үш жүз мың теңге)

I орын (1) – 200 000 (екі жүз мың теңге)

II орын (1) – 150 000 (жүз елу мың теңге)

III орын (2) – 100 000 (жүз мың теңге)

Байқауға қатысу туралы өтінім мен жеке куәліктің көшірмесін 2024 жылғы 26 тамызға дейін ersultan1115@mail.ru электрондық пошталына жіберу қажет. Байланыс телефоны: +7 747 703 51 63 +7 701 489 19 39.

№	ТАӘ	Туған жылы, айы, күні	Жұмыс немесе оқу орны, лауазымы	Байланыс телефондары

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сөнім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР
 Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ
 • жеңіл автокөліктер үшін
 • жеңіл жүк көліктері үшін
 • тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
 • арнайы техникалар үшін
 ЕБ АРҒАН ШИНАЛАР
 САТПАЙМЫЗ,
 ЕБ АРҒАНДАҒА БАҒАҒА
 САТАМЫЗ
 Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовья көш., 14/1
 тел. 8 707 80 35 800

43-21-55
 Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Амбассадор Францияда

Олимпиада ойындары қарсаңында Франция астанасы Парижде V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары стилінде безендірілген еліміздің спорт жанкүйерлері бар көлік жетті. Оны қазақстандық қоғам қайраткері, саяхатшы, Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бренд-амбассадоры Ерік Шыныбеков тізгінімен барды.

Көшті бастаған Ерік Шыныбеков Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшыларды қолдау мақсатында Парижде Атырау қаласынан шығып, Ресей, Грузия, Түркия, Грекия, Италия және Германия елдері арқылы жүріп өткен. Осы миссиясы аясында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын насихаттап, Көшпенділер ойындарының үлгісінде көлігін безендіріп ол – өзінің отандық спортқа деген жанашырлығын білдіретінін айтты. Көліктің артқы есігінде дала фондында құс ұшырып тұрған бүркітші бейнеленген. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының өткізілетін күндері мен (8-13 қыркүйек) Ойындардың ресми сайты wng.kz көрсетілген. Сондай-ақ, көліктің екі жағына Ойындардың ресми логотипінің суреті салынған.

– Менің ойымша, Еріктің ұйымдастырған акциясы оның көшпенділік болмысын бұрынғыдан да аша түседі. Сонымен қатар, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын насихаттауға ұйымдастырушылар, мемлекеттік мекемелер, спорттық ұйымдар ғана емес, Қазақстанның кез келген азаматы, спорт жанкүйерлерінің де белсенділігі керектігін көрсетеді. Біз осындай жанашырларымыздың арқасында әлемдегі ең ірі спорт және мәдениет орталықтарының бірі Парижде жаһандық көшпенділер мәдениетін таныстыру мүмкіндігіне ие болғанымызға қуаныштымыз. Бұл біздің мұрамызды әлемге жариялау-



дың және жанкүйерлерді V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына шақырудың тамаша мүмкіндігі, – дейді Ойындар дирекциясының маркетинг жөніндегі директоры Серік Буксиков. Париж тұрғындары мен қонақтары көлікті сыртынан тамашалап қана қоймай, ойындар туралы көбірек білуге және көшпенді халықтардың тарихымен, дәстүрімен танысуға мүмкіндік алды. Өз кезегінде, ДҚО ұйымда-

стыру комитеті Париждегі Олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасына шын жүректен сәттілік тілеп, қазақстандық спортшылардың ел намысын абыроймен қорғайтынына сенім білдіреді.

Естеріңізге сала кетейік, 8-13 қыркүйекте Астана қаласында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Іс-шараға 89 елден 2000-нан астам спортшы қатысады деп күтіліп отыр. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі – ALAGEUM ELECTRIC, Ойындардың Бас серіктесі – Halyk Bank. Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында барлығы 21 спорт түрінен 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Сурет ұйымдастырушылардан



те болып, сол сарыннан таңбай, атымды ауыздыққа сүйсінеп қана отырдым. Алғашқы айналымдарда асықпай аттың басын тартып өткіздім. Кейінде «Көкшоқай» ширай түсіп, алға ұмтыла берді. – дейді жеңімпаз шабандоз Жанарыс Бауыржанұлы.

Көп аттан озған көк аттың сыры

Көпшілік күтпесе де, ат сырына қанық атбегі «Көкшоқайдың» қүйындай қүйғытып бәйге алатынына сенгенін айтады. Айта кетейік, ат иесі Боран Тергеубеков дзюдо күресінен Біріккен Араб Әмірлігінің Абу-Даби қаласында өткен былтырғы чемпионатында Әлем чемпионы атағын жеңіп алған.

– Маңайдың біршамасы мені спортшы деп таныса, ал, бірі атбегі дейді. Әрине, екеуі де қазақтың мерейін асырар атақ қой алып жүре алған жанға. «Көкшоқай» – Алматыдан келген қолтума дөнен, 3 жаста. Тайында алып, баптап, атын да өзім «Көкшоқай» деп қойдым. Әкем жылқышы болған. Сол кісінің қасаған ұстайтын ұшыр «Көкшоқай» атты тұлпары болатын. Міне, сол әкемнің құрметіне аты солай атадым. Бұл аттың құндылықты жүріс дайындығы мені мойнымда. Өзім мініп дайындаймын. Қыстық жұмысына шанаға жегемін. Ертеп мініп, күніне 40 шақырым аяндап жүріп келемін.

«Көкшоқай» – таза қанды ағылшын жылқысы, қазақстандық қолтума. Әкесі – «Сизокрыль». Алматыда қатарынан 3 автокөлік ұтқан тұлпар. Шешесі – ағылшын – араб биесі.

Дәл бүгін өзге де бәйгелер өтіп жатты. Мен «Жығылсам, нардан жығылайын. Нартүрескел!» дедім де, осы Елорда кубогына қатысып атамды. Енді ат аяғы аман болса, «Көкшоқай» қыркүйекте Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер аламанында бақ сынаиды, – деп атап өтті Боран Тергеубеков.

V Дүниежүзілік көшпенділер аламанына Арқадан ат апарар алғашқы атбегінің аты мәлім. Ол – Боран Тергеубеков.

Сурет автордан



Сурет автордан

«Көкшоқай» аламанға жолдама алды

Ақмола облысы Талапкер ауылында өткен республикалық Елорда кубогының Аламан бәйгесінде қарағандылық атбегі Боран Тергеубековтің «Көкшоқай» тұлпары оқ бойы озып, бас жүлдеге тігілген 5 млн 500 мың теңге ақшалай сыйлық пен кубокты иеленді. «Көкшоқайдың» бұл көрсеткіші V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны аламанына қатысуға оған жолдама болды.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бәк шаба ма, бап шаба ма?!

22 шақырымның шаңын көтерген аттардың алдына әуелі Павлодар облысының «Қарақызы» атты сәйгүлігі шықты. «Шу!» дегенде алдыңғы топтың арасынан алға ұмтылған аттың қарқын ат қосқан көпшіліктің ішін бір қылып еткізді. Алайда, алда әрі 20 шақырым қашықтық бар. Айта кету керек, бұл бәйге атақты «Дантист» те түсті. «Дантист» – сол Ақмола облысының Целиноград ауданының атақты тұлпары. Ол бұдан бұрын Қостанай қаласында өткен Қазақстан чемпионаты бәйгесінде алдына кара салмай, иесі Ерман Жаңатаровтың абыройын асқатқан арғымақ еді. Осы тұрғыда «Дантист» атты тұлпар туралы айтпаса болмас. Иесі Ерман Жаңатаровтың айтуынша, «Дантист» – таза қанды ағылшын жылқысы. Бұл да алдағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында аламан шабатын қазақстандық күліктің бірі.

Сонымен сынға түскен 37 аттың арасы ақырындап үзіліп келеді. Шабандоз балалар алға ұмтылып, аптыққан арғымақтарын ауыздыққа сүйсінеп, ақырғы айналымға күш саркуда.

Қара-құра қауымның көзі аламан алдындағы «Қарақызыл». Одан сәл ілгері келе жатқан топтың арасында небір дүлдүлдер. Үстіндегі баланың ырқымен шабыстары бір сарын.

Дәл осы топтың арасында қос құлағын қайшылаған теңбіл көк ат та бар. Бұл – «Көкшоқай».

Шоқ жылдыздай шоғырланған топ «Қарақызыл» жақындай түседе. Алдағы ат пен арттағы түйдектің арасы – 100 метр. Төрт аяғын тең тастап, бас шұлғып, иек қакқан күліктер үстіндегі шабандоздың пәрменін күтуде. Бұл да жылқы жануардың естілігі болса керек. 22 шақырымның 5 шақырымын шауып өткен аттар әлі тын. Десек те, бағанағы 37 аттың қарасы сөйлеп, алаңда тек 20 шақты тұлпардың тұяқ дүбірі.

Топ алдына атақты шабандоз Арнат Мұратхан тақымдаған «Сенім» атты тұлпар шықты. Одан кейін астаналық «Барса» атты арғымақ. Алдыңғы топтағы аттардың орны кезек алмасуда. Айналым азайып, мәреге жақындаған сайын, шабандоздар аттардың сипай қамшылап, «Ұмтыла түс!» деген ишарат танытқандай.

Бірақ, тізгіні босатып, тақым қакқаны жоқ. Бірін-бірінің қапысын қарап, аңдысқан шабандоздардың мақсаты – жалғыз. Шылбырша шұбалған сазды алаңның соңындағы мәре сызығын бұрын кесу. «Қарақызылдың» қарқынды саябырып, кейінгі топқа қосылды. Алға «Сенім» өтті. «Сенім» – талай бәйгеде бас жүлде иеленген сәйгүлік.

Аттардың қатары сөйлеп, алдыңғы топта тек іріктелген 11-12 ат кетіп барады. 22 шақырымға шақталған бәйгеңің соңғы айналымы да келіп жетті.

37 аттан оқшауланған топтың шабысы үдей түсті.

Арқаның жана жылдызы

Мына кеткен 11-12 аттың ішінде бұл бәйгеде де күрделі талай аламаннан келген сан тұлпарлар тізбектелді. Алайда, соның тек бірі ғана мәрені кесіп, бас жүлдені қанжығаламақ. Арасында көптің көзіне жаңа түскен «Көкшоқай» бар.

Небір мықты тұлпарлар жиналды. Алайда, аламанның жүлдесі бізге бұйырды. Бәйге алаңы аттарға ауыр болды. Маған әуелден бапкерім Мейірбек Нұрымбет пен ат иесі Боран ағам айтқан еді. «Алдыңғы топқа кіре алсаң, оныншы қатарға ұста атынды» деп. Бірақ, бәйге барысына қарай мен алғашқы бестік-

Туристерді тоғыстырған Ақшағыл

Балқашта «Balkash Tourfest – 2024» фестивалі басталды. Туризмді насихаттау мақсатында облыс әкімдігінің қолдауымен өткізілетін шара биыл Ақшағыл (рембаза) кентіндегі көл жағасында екінші мәрте ұйымдастырылды. Екі күнге жалғасатын жағажайдағы жайдарлы сәттер туризмнің тынысын аша түсуге ықпал етеді дейді мамандар. Балқаш – еліміздегі ең Top-10-ның қатарында. Бұл – туристік маусым уақытында ұйымдастырылған ауқымды шара «Тұран жолбарысын» басты нышан етіп алып отыр.



Президент тапсырмасын орындай отырып...

тық интервалмен екі автобус қатынайды. Santorini демалыс аймағына қарама-қарсы жерде ақысыз көлік тұрағы бар, мұнда полиция бекеті де жұмыс істейді. Фестиваль мақсатының бірі – көл жағалауын таза ұстауға шақыру болғандықтан, «Жасыл ел» жасағының балаларымен бірлесіп жалпыхалықтық экологиялық акция өтеді.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Көл жағасындағы сахнада күй төгіп, кернейлетіп бастаған «Жошы» этно-фольклорлық тобы игі шараның дүбірін көпшілікке жеткізді. Балқаш көлі мен қаласы туралы деректі кино көрсетілді. Көл бетіндегі қызықтарды, суды тазалайтын аппарат іске қосылды. Еліміз бойынша алғаш қолданысқа енгізілген аппараттар саны келешекте артатын болады.

– Бұл фестивальдің мақсаты – Қарағанды облысында туризм саласын дамыту және қызметін арттыру. Және осы фестиваль арқылы туризмді дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Балқаш қаласында 20 қонақ үй және Торанғылық, Шұбартүбекті қосқанда 1224 нөмірлі 58 демалыс орны бар. Бүгінгі күні 7 демалыс орнының құрылысы жүргізілуде. Туристік қызметтен 2023 жылы 243 млрд теңге салық түскен. Былтыр 362 мың турист демалуға келген. Балқаш көлі, бүгінгі Қазақстан – көптеген шетелдіктерге танымал, сұранысқа ие және белсенді дамып келе жатқан туризмдік бағытқа жатады, – деді шараның ашылу салтанатына қатысқан Қазақстанның Туризм және спорт вице-министрі Ерман Еркінбаев.

«Balkash Tourfest – 2024» фестивалін ұйымдастырушыларының айтуынша, Балқаш маңындағы туризмді дамыту қала халқы мен көлге демалуға келетін қонақтар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында дәстүрлі түрде өткізу көзделіп отыр. Келешекте фестиваль уақыт ағымына, халықтың сұранысына қарай түрленіп, жетілдіріліп отырады. Фестиваль бағдарламасы екі күнге есептеліп жасалған. Бағдарламада отбасылық, спорттық, мәдени-көпшілік іс-шаралар бар. Биыл ашық аспан астындағы кинотеатрда қазақстандық режиссерлердің отандық фильмдері көрсетілімек. Сондай-ақ, мерекелік жәрмеңкелер, бірқатар қызықты конкурстар ұйымдастырылады. Халыққа фестиваль өтетін жерге барып-қайтуына ыңғайлы болу үшін тегін көлік қатынасы ұйымдастырылған. Танертенгі сағат 9.00-ден түнгі сағат 24.00-ге дейін 15 минут-



– Биыл біз фестивальді өткен жылғы тәжірибені ескере отырып ұйымдастыруға тырыстық. Біз өткен жылмен салыстырғанда екі есе туристер келеді деп күтеміз. Ересектер мен балалар екі күн бойы әртістердің, жарқын шығармашылық ұжымдардың өнерін тамашалап, спорттық жарыстар мен экоакцияларға қатыса алады. Balhash Tour Fest біздің қаламыздың визит карточкасына айналуы және туристер ағынын арттыруы тиіс, – деп есептейді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Айта кетейік, фестиваль бағдарламасында ересектерге де, балаларға да арналған шаралар бар. Фестивальге келген балалар аквагрим жасап, футболкалар мен банданаларды бояй алады. Олар үшін құм сарайын салу, баттырауықтарды ұшыру бойынша қызықты шеберлік сабақтары өтеді.

Спорттық іс-шаралар да қарастырылған, соның ішінде, волейбол, дойбы, тоғызқұмалақ, тағы басқа сайыстар ұйымдастырылады. Мұнда ұлттық аспаптардың жылжымалы мұражайына баруға, фитнеске, йогаға қосылға, волейбол, кір көтеру спорты және армрестлинг жарыстарына қатысуға болады. Фестиваль аясында суда жүзуден, желкенді қайықтармен жүзуден жарыстар өткізіліп отыр. Қолөнер шеберлері үшін арнайы алаң бөлініп, онда олар өз бұйымдарын көрсетіп, сауда жасауына жағдай жасалған. Жағажайда үлкен фуд-корт пен колөнершілер дүкендері орналасқан. Мұнда дәмді тамақтаным қана қоймай, колөнершілер жасаған ерекше кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдарды сатып алуға болады.

Концерттік шаралар мен биден конкурстар өтеді. Кешке диджей Никита Филатовпен және Алматыдан келген кавер-топтың орындауымен «Музыкалық толқын» шоу-бағдарламасы мен би шайқасы өтеді. Сонымен қатар, фестивальдің хедлайнерлері – Astana.kz командасы, Дастан Оразбеков және Say Mo өнер көрсетеді.

(Фестиваль туралы толығырақ газеттің келесі санынан оқи аласыздар).

Суреттерді түсірген А.МАРЧЕНКО

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБИЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 Үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 83 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кешкі редактор Алулым СОВЕТ